

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2024 жылғы 20 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 90, «дауыс бермеген» – 1. Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшейік.

Алғашқы екі заң жоба бір-бірімен байланысты, сондықтан олар бойынша ортақ баяндама жасап, қаулыларға жеке-жеке дауыс беруді ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» негізгі және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заң жобалары бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Заң жобалары Мемлекет басшысының құмар ойындарға заң жүзінде шектеу қою туралы тапсырмасының шеңберінде Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленді.

Заңдардың негізгі новеллалары келесідей:

букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын ғимараттарда, билбордтарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, көліктерде орналастыруға және таратуға

тыйым салу туралы норма қарастырылып отыр. Ал басқа жердегі жарнамасын шектеу ұсынылады;

борышкерлердің бірыңғай тізілімінде тұрған азаматтар үшін құмар ойындарға қатысуға тыйым салу ұсынылады;

лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселердің, тотализаторлардың интернет-ресурстарына тыйым салып, оларды бұғаттау ұсынылады;

заңнаманы бұзған ойын бизнесін ұйымдастырушылар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік енгізу сияқты басқа да өте маңызды нормалар ұсынылып отыр.

Құрметті депутаттар, Әлеуметтік-мәдени даму комитеті осы заң жобаларын жұмысқа қабылдауға және олар бойынша тиісті қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Асхат Қанатұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулыларға жеке-жеке дауыс беруге көшейік.

Бірінші кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 92. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 89, «жақтағандар» – 89. Шешім қабылданды.

Келесі талқыланатын мәселелер бойынша да ортақ баяндама жасауды және олар бойынша қаулыларды жеке-жеке қабылдауды ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда «Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» негізгі Заң жобасы және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасы жөнінде (бірінші оқылым).

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Сәденов Ержан Сапарбекұлына берілді.

СӘДЕНОВ Е.С. Қайырлы таң, құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Назарларыңызға Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» Заң жобасын ұсынамыз.

Жоба ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға және Біріккен Ұлттар Ұйымының Палерма хаттамасына сәйкестендіруге бағытталған.

Заң жобасымен:

«адам саудасының құрбаны»;

«адам саудасының ықтимал құрбаны»;

«осал жағдай» және «адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері» сияқты бірқатар жаңа ұғымдар енгізіледі.

Бұл заң жобасының ерекшелігі – осы саладағы кешенді және жүйелі профилактика тетіктерінің қалыптасуы.

Жалпы, заң жобасы төрт негізгі бағытты қамтиды:

Біріншісі – «серіктестік». Осы саладағы адам саудасына қарсы іс-қимыл барлық субъектілерінің өзара әрекеттесу қағидаларын реттейді.

Нәтижесінде уәкілетті және мемлекеттік органдар, әкімдіктер, үкіметтік емес ұйымдар, жұмысқа тұрғызу агенттіктері, туристік фирмалар және шетелдік құзыретті органдар адам саудасына қатысты қылмыстардың алдын алу бойынша кешенді жұмысты бірге атқаратын болады.

Екінші бағыт – профилактика, яғни қылмыстардың себептері мен жағдайларын анықтап, оларды жою шараларын қабылдау.

Ол үшін заң жобасында адам саудасы тәуекелдерін зерделеу және оларға баға беру, таралу масштабы мен себептерін талдау, алдын алу шараларын әзірлеу және құрбандарға көмек көрсету мақсатында оларды тиісті органдарға қайта жолдау тәртібі көзделген.

Үшіншісі – қудалау бағыты.

Адам саудасының барлық түрлері бойынша қылмыстық заңнамаға сілтеме нормалары қаралды. Оның ішінде мәжбүрлі еңбек, жыныстық қанау, адам ағзасының органдарын және нәрестелерді саудаға салу, сондай-ақ қайыр сұрауға мәжбүрлеу сияқты қылмыстар да бар.

Осылайша қабылданатын нормалар аталған қылмыстық жауапкершілік тетіктерін дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

Төртінші бағыт – көмек көрсету. Бұл ең маңызды бөлігі.

Онда көзделген ережелер адам саудасы құрбандарының барлық құқықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Оның ішінде медициналық, психологиялық, құқықтық жәрдем және тағы да басқа көмек түрлері қарастырылған.

Осылардың барлығын бір заң аясында қабылдау жәрдем беру және қорғау процесін жеңілдетеді.

Басты ерекшілік – ол құрбандардың азаматтық мәртебесіне қарамастан қылмыс анықталған сәттен бастап олардың құрбан жағдайынан шыққанға дейін жұмыс істеу алгоритмін реттейді.

Сонымен қатар ықтимал құрбандарға көмек көрсетудің құқықтық негіздері қаралады.

Ерекше назар аударатын жағдай – кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселелеріне жеке тарау арналғаны.

Сонымен бірге екі ілеспе заң жобасы әзірленді.

Біріншісі бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Оның ішінде Қылмыстық кодекске:

«адам саудасымен байланысты қылмыстар» ұғымы енгізіледі;

жасау тәсілдері бойынша «адамды қанау» ұғымы кеңейтіледі;

Қылмыстық кодекстің 309-бабының екінші бөлігі, яғни «притон ұстау» және «жеңгетайлықты интернет желісі арқылы жасау» деген жаңа саралау белгісі көзделеді. Осылайша бұл қылмыс ауыр санатқа жатқызылады.

Қылмыстық-процестік кодексте жәбірленушінің әлеуметтік арнаулы қызметтер алу құқығы көзделді. Бұл ретте оларды осы құқықтары туралы хабардар ету бойынша тергеушілерге міндеттер жүктелді.

«Неке және отбасы туралы» кодексте лауазымды адамдарға балалар қалдырылған жағдайда олар бұл туралы прокуратураға хабарлау міндеті бекітілді. Атап айтқанда, приюттер, балалар үйлері және басқа да ұйымдарды қамтиды.

«Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» Заң қосымша үш қылмыс түрі, яғни қанау мақсатында ұрлау, бас бостандығынан заңсыз айыру және жезөкшелікпен айналысуға тарту қылмыстары бойынша құрбандарға өтемақы төлеу мүмкіндігі енгізілді.

Екіншісі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу туралы.

Бұл жерде балаларды өздеріне қалдырғаны туралы хабарламағаны үшін медициналық ұйымдардың, приюттердің, балалар үйінің қызметкерлеріне қатысты жауапкершілік көзделіп жатыр.

Құрметті депутаттар, заңды қабылдау өзекті проблеманы кешенді түрде шешуге және адам саудасына қарсы іс-қимыл жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Берденов Руслан Арысбекұлы.

БЕРДЕНОВ Р.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Жалпы, мен өз басым заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! Соңғы уақытта біздің азаматтар шетелде қанау құрбаны болған жағдайлар жиілеп кетті.

Адамдар әлеуметтік желілерде заңды және жеке тұлғалар орналастыратын хабарландырулар арқылы осындай жағдайға тап болуда. Көптеген адамдар, негізінен жастар өздерінің тәжірибесіздігіне байланысты алдап-арбауға ұшырауда.

Жоғары жалақы төленетін жұмысқа уәде бергенімен, іс жүзінде азаматтар сексуалдық құлдыққа түседі және еңбекке жегіліп, құлдықта ұсталады. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Осындай ұйымдардың немесе осындай қызметпен айналысатын адамдардың заңды қызметі тексеріле ме және осыған қатысты әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген бе? Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Әрине, біз бұндай қылмыстарға назар аударып, бақылаймыз. Қылмыстық кодекстің 309-бабының екінші бөлігіне сәйкес интернет ресурстары арқылы жасалған қылмыстарды жан-жақты зерделейміз, сондай-ақ кісі ұрлау фактілерін, басқа фактілерді міндетті түрде күнделікті қараймыз. Осындай фактілер орын алған жағдайда ол тіркеледі, онымен шұғылданамыз. Басқа құзыретті органдар да осы салада жұмыс істейді. Енді осындай жұмыстарды қолға аламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сұңқар Ислам Еркінұлы.

СҰҢҚАР И.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы, сұрағым сізге.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде адам саудасына қарсы жұмыстарын жүргізеді және жүргізу керек болады. Заң жобасының 7-бабында Ішкі істер министрлігі және әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган көрсетілген. Бірақ басқа органдардың нақты құзыреті көрсетілмеген. Осы орайда сұрағым бар.

Олар осы бағытта өз жұмысын қалай іске асыратын болады? Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Өте орынды сұрақ. Заң жобасын әзірлеу барысында біз жұмыс тобымен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін де, Денсаулық сақтау министрлігін де, Оқу-ағарту министрлігін де қарастырған болатынбыз. Бірақ заң жобасын талқылау барысында біздің кейбір әріптестеріміз дебюрократизация мәселесін көтеріп, оны қолдамады. Депутаттар жұмыс тобында ол мәселені енгізді. Ол жаңа редакцияға енгізілді. Ішкі істер министрлігі оны қолдайды. Үкіметтің мақұлдауына жіберілген кезде ол болуы керек. Жалпы, дұрыс ол. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Смирнова Ирина Владимировна, пожалуysta.

СМИРНОВА И.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства труда и социальной защиты населения.

Одним из важных вопросов является помощь жертвам торговли людьми. В настоящее время им предоставляется временное место проживания и другие меры по

интеграции их в общество. Законопроектом значительно расширяется перечень социальной поддержки.

В связи с этим расскажите, пожалуйста, как идентифицируются жертвы торговли людьми для предоставления им помощи? Какая помощь оказывается в рамках специальных социальных услуг, учитывается ли при этом гендерный подход для размещения таких жертв? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, включите микрофон представителя Министерства труда и социальной защиты.

САҒЫНДЫҚОВА Н.Е. Спасибо, Ирина Владимировна, за вопрос.

В настоящее время существуют стандарты оказания специальных социальных услуг для жертв торговли людьми, они утверждены в 2016 году, идентификация жертв торговли людьми происходит согласно этим стандартам.

Для размещения жертв торговли людьми в Казахстане предусмотрено 19 кризисных центров, один из них государственный, 18 кризисных центров – на базе НПО.

При размещении жертв торговли людьми, естественно, учитывается гендерный аспект, мужчины и женщины размещаются отдельно.

Всем жертвам торговли людьми оказываются специальные социальные услуги – медицинские, психологические, педагогические и юридические.

В кризисных центрах жертвы торговли людьми могут находиться до шести месяцев и получать эти услуги, а в случае получения лечения в стационаре их пребывание продлевается до девяти месяцев.

ТӨРАҒА. Депутат Базарбек Бақытжан Жұмабекұлы.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! Сұрағымды қатаңырақ қояйын десем, қазір Наурыз мерекесі, Наурызда негізі қатты айтуға болмайды, бірақ мәселе өте өзекті.

Заң жобасында интернет желісі арқылы жезөкшелікпен айналысуға арналған притондарды ұйымдастыру немесе ұстау үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Қазір әртүрлі сайттарда жыныстық қызмет көрсету, адам ағзалары мен тіндерін сатып алу, сату, сондай-ақ балаларды заңсыз асырап алуға беру туралы жарнамаларды көруге болады. Заманауи технологиялардың арқасында мұндай чаттар шетелде де, бізде де ашылады. Мұнда республика азаматтары және шетелдіктер ұйымдастырушы бола алады. Осыған байланысты менің бірнеше сұрағым бар. Осы мәселеге байланысты қолымда құжаттар да бар.

Осындай хабарландыруларды бақылауды қашан қолға аласыздар? Мұндай жабық топтар қалай анықталады? Осындай чаттарды ұйымдастырушылар шетелде болса, олар қалай жауапқа тартылады?

Бұл заң жобаларын қарадым, өте әлсіз, механизмдері аз. Осындай әрекеттерді жарнамалауға тыйым салу механизмдерін заң жобаларынан байқап отырған жоқпын.

Менің қолымда сіздің Лепеха деген орынбасарыңыздың жауабы бар. Мен оған бірнеше рет сұрақ қойған болатынмын. Жезөкшелік притондардың үстінен «қарайтын» полиция қызметкерлері бойынша әлі сол позицияны ұстанамын.

Мен сізге осыдан бір жыл бұрын қанша полиция қызметкері жауапқа тартылғаны жөнінде нақты сұрақ қойған болатынмын. 2023 жылы бар болғаны бес қана полиция қызметкері жауапқа тартылыпты.

Мен жер қатынастары бойынша мәселені қойып, осының бәрін зерттесем, анықтасам...

ТӨРАҒА. Сұрағыңызды қойыңыз. Депутат Базарбектің микрофонын қосыңыз.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Егер мен осы іске кірісіп, мына ақпараттың бәрін жоққа шығарсам, сіздің маған берген ақпараттарыңыз жалған болып шығады ғой. Осы сұраққа жауап беріңізші.

СӘДЕНОВ Е.С. Сұрағыңызға рақмет деп айтпайын, бірақ орынды сұрақ.

309-баптың екінші бөлігіне сәйкес интернет ресурстары арқылы жасалған қылмыстарды қараймыз. Өздеріңіз білесіздер, «Кибербақылау» деген бағдарлама бар. Егер анықталса, сол бағдарламаны пайдалана отырып оған тосқауыл қоямыз. Қылмыстық әрекеттері бар 6 мыңнан астам жарнамаға тосқауыл қойдық. Оның ішінде 620-сы қаралып отырған жобаға қатыстысы. Бұл жұмыстарды ары қарай жүргіземіз. Өкінішке қарай, бұның әкімшілері, жетекшілері шетелдерде.

Жалпы, біз құқықтық көмек көрсету бойынша дүниежүзілік ұйымның мүшесіміз. Басқа да мемлекеттермен осындай келісімшарттарға қол қойып жатырмыз. Егер анықтасақ, басқа елдерге сұраныстар жібереміз. Бұл біздің күнделікті бақылауымызда. Бұл жұмысты ары қарай ұйымдастыратын боламыз.

Заман орнында тұрған жоқ. Цифрландыру, оның ішінде цифрлық қылмыстарға қатысты тәсіл де, әрекет те өзгеріп келеді. Бізде қазір киберполиция деген бар, олар осы мәселемен айналысып жатыр.

Сіздің сұрағыңызға жауап берген орынбасардың айтқан төрт фактісі ол нақты фактілер шығар. Ішкі істер министрлігінде Қауіпсіздік департаменті бар, сол департамент осы жұмыстармен айналысады. Өкінішке қарай, ондай фактілер бар. Меніңше, олар сатқындар, біз олармен көп сөйлеспейміз, оны анықтап, қылмыстық жауапкершілікке тартамыз, теріс сипаттамамен жұмыстан шығарамыз.

Төрт факті бойынша қандай мәлімет бергенін мен қарайын. Осы мәселе бойынша сізбен жеке сұхбаттасайық, ұсыныстарыңыз болса, қарайық. Дұрыс айтасыз, проблема үлкен. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Базарбек.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Вы сами верите, что по всей Республике Казахстан за 2023 год было выявлено всего лишь пять фактов покровительства сотрудниками полиции проституции и притонов?

СӘДЕНОВ Е.С. Я как Министр внутренних дел уверен, что 99 процентов сотрудников полиции преданы своему делу и присяге. Тем не менее есть много разговоров на эту тему, на всех встречах с общественностью мы об этом говорим. В данном случае, наверное, мой заместитель имел в виду фактаж, то есть доказанные преступления. Конечно, мы эту работу проводим.

ДСБ уполномочен на проведение оперативно-розыскных мероприятий в отношении сотрудников. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Савельева Татьяна Михайловна.

САВЕЛЬЕВА Т.М. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Сопутствующим проектом закона вносятся поправки в Закон «О Фонде компенсации потерпевшим» в части расширения перечня преступлений, связанных с торговлей людьми.

Получение компенсации является необходимым элементом возмещения вреда и предупреждения новых случаев торговли людьми.

Ержан Сапарбекович, расскажите, с учетом вносимых поправок кто имеет право на получение такой компенсации, как определяются размер и период выплат компенсаций потерпевшим?

СӘДЕНОВ Е.С. Спасибо за вопрос.

Я уже в своем докладе сказал о том, что под компенсацию в настоящее время подпадают потерпевшие по преступлениям, связанным с торговлей людьми, торговлей детьми, вовлечением в занятие проституцией несовершеннолетних. В законопроекте мы предусмотрели преступления, связанные с похищением и незаконным лишением свободы с целью эксплуатации. Размер компенсации – 30 МРП (110 тысяч тенге).

ТӨРАҒА. Депутат Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы.

ӘУЕСБАЕВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! Бүгінгі таңда адам саудасының құрбаны болғандардың көпшілігі құқық қорғау органдарына үнемі жүгіне бермейді. Жұмыс берушілер келгенде олардың құжаттарын алып қояды, соған байланысты Қазақстанда болу мерзімі өтіп кетеді, тағы да басқа жағдайлар орын алады. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Бірінші. Осындай жағдайда ол кісілерге қандай шара қолданылады?

Екінші. Құрбан болғандарға қандай жәрдем көрсетіледі? Осы туралы толығырақ айтып беріңізші.

СӘДЕНОВ Е.С. Рақмет.

Жәбірленуші жөнінде айтып отырсыз ғой?

ӘУЕСБАЕВ Н.С. Иә.

СӘДЕНОВ Е.С. Жалпы, ондай факт анықталса, біз оған шетел азаматы болғанына, құжатсыз болғанына қарамастан компенсация береміз. Егер ол құжатсыз болса, біз ұлттық заңнамаға сәйкес оларды елден шығаруымыз керек. Егер оның бір қылмыстық іс-әрекетте жәбірленуші болғанын анықтасақ, елден шығармай, қылмыстық іс қозғалғаннан бастап аяғына дейін көмек көрсетеміз.

Өкінішке қарай, құжаттарын алып қою фактілері бар. Ондай жағдайлар көбіне шалғай елді мекендерде болады. Комитет отырыстарында осыған қатысты көп сұрақтар болды, оның бәрін талқылағанбыз. Негізі оперативті түрде профилактикалық шаралар өткіземіз. Біздің қызметкерлер ғана емес, әкімшіліктегі әріптестеріміз өңірлердегі министрліктің өкілдерімен бірге құжатты алып қою мәселелерін анықтайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Қожаназаров Айдарбек Асанұлы.

ҚОЖАНАЗАРОВ А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителю Судебной администрации.

Законопроектом предполагается внесение административной ответственности за несообщение должностными лицами медицинских организаций и организаций для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, о факте оставления детей в органы опеки и прокуратуру. Также есть поправка, в соответствии с которой уполномоченный орган в лице Министерства просвещения будет рассматривать и налагать административные взыскания за такие правонарушения.

Вместе с тем, на наш взгляд, такие дела подпадают под рассмотрение ювенальных судов. Например, в США дела о ненадлежащем исполнении обязанностей по защите детей рассматриваются в судах по делам несовершеннолетних, в Германии и Франции такие дела также подсудны семейным судам и судам по делам несовершеннолетних.

Ювенальное правосудие нацелено на обеспечение интересов ребенка, защиту его прав и профилактику правонарушений. Передача и рассмотрение таких дел в административном порядке органами исполнительной власти – редкость для международной практики.

Возникает вопрос: почему было принято решение отдать подведомственность таких дел уполномоченному органу?

ТӨРАҒА. Сот әкімшілігінің өкілі, сұрақ сізге.

МУСРАЛИНОВ А.С. Спасибо за вопрос.

Кодекс об административных правонарушениях содержит сегодня порядка 1600 составов, государственные органы сами рассматривают и привлекают к административной ответственности примерно по 1150 составам, примерно 450 составов рассматриваются судами.

Кроме того, в настоящее время в Мажилисе находится законопроект, в рамках которого еще 80 составов передаются в компетенцию государственных органов. В

основном за судами остаются составы, где санкциями являются арест, выдворение, снос, конфискация, лишение специального права, то есть там, где требуется решение суда.

Если речь идет о штрафах, по таким делам, соответственно, работают сами государственные органы. В новой статье 135-1 как раз предусматривается, поэтому предлагается компетенцию закрепить за уполномоченным органом. Такие дела не представляют сложности и рассматриваются оперативно. При этом судебный контроль сохраняется по всем составам. Если лицо не согласно с решением государственного органа, то оно может обжаловать это решение в суд по административным правонарушениям.

Ювенальные суды рассматривают дела об административных правонарушениях, если они совершены несовершеннолетними либо в отношении несовершеннолетних. Процессы проходят с участием самих несовершеннолетних с привлечением психологов, то есть учитываются все специфические аспекты, связанные с правами несовершеннолетних. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Балабиев Қайрат Рахымұлы.

БАЛАБИЕВ Қ.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар заңда адамдарды заңсыз әкетуге, әкелуге және сатуға қарсы күрес мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құзыретін бекітетін түзету енгізді. Заң жобасында ол жоқ.

Осы комиссия 2003 жылдан бастап жұмыс істейді. Оның құрамына мемлекеттік органдар, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар кіреді.

Біз бұқаралық ақпарат құралдарынан комиссия жұмысының нәтижелерін үнемі көреміз, бұл – атышулы ұстау және ұйымдасқан қылмыстық топтарды ашу. Мұның бәрі адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тиімді және пәрменді тетік болып табылады. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Қазіргі уақытта осы комиссияның қызметі қалай реттеледі? Сіз негізгі заңға ведомствоаралық комиссияның құзыретін енгізуге келісесіз бе? Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Өте орынды сұрақтар.

Жалпы, бұл комиссияның жаңа сіз айтқан мәселелері Ішкі істер министрлігімен және Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен әзірленеді, реттеледі.

Әрине, біз сіздің ұсынысыңызды қолдаймыз. Ол жаңа редакцияға енді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызы.

ҚҰСПАН А.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемый Ержан Сапарбекович! Законопроект предусматривает, что несовершеннолетняя жертва торговли людьми подлежит возвращению в страну происхождения. Это при условии, что ее родители или законные представители, или же соответствующие организации согласны и могут взять на себя ответственность за нее, оказать необходимую помощь и защиту. Это статья 21.

Вместе с тем, если такое возвращение ставит под угрозу безопасность несовершеннолетней жертвы либо не соответствует ее интересам, то она подлежит оставлению в Казахстане.

В этой связи, Ержан Сапарбекович, ответьте, пожалуйста, на несколько вопросов.

Первый вопрос: что, если жертва – круглая сирота и не имеет у себя на родине законных представителей, а также не относится к ведению организаций, осуществляющих функции по защите прав ребенка?

Второй вопрос: как будет определяться степень угрозы безопасности ее возвращения?

Третий вопрос: каков будет статус этого несовершеннолетнего лица в случае оставления в нашей стране? Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Как я уже отметил, при наличии факта, что ребенок стал жертвой данного преступления, мы с начала и до конца уголовного процесса оказываем всяческую помощь с вовлечением всех государственных органов.

Если жертва является круглой сиротой, то законом предусмотрено пребывание ребенка в нашей стране, соответственно, он в будущем по желанию может получить гражданство. Мы присваиваем таким несовершеннолетним особый статус, который предусматривает все виды компенсаций и опеку. В опеку вовлечены все государственные органы, в том числе органы опеки. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Абден Қарақат Жақсылыққызы.

АБДЕН Қ.Ж. Спасибо большое, Ерлан Жаканович.

Ержан Сапарбекович, по поручению Главы государства Генеральной прокуратурой был проведен мониторинг законодательства по вопросам усыновления детей в контексте скрытой торговли несовершеннолетними. В результате проведенной работы отмечено, что одной из причин является возможность внесения изменений в актовую запись о рождении ребенка.

Вместе с тем, к сожалению, в законопроекте я не увидела норм, направленных на решение этого вопроса. На практике как происходит? В графу «Отец» вносится потенциальный торговец, через какое-то время мать отказывается от ребенка и по решению суда ребенок оказывается у отца.

Мои вопросы: направлен ли законопроект на решение указанных проблем, какие меры будут приняты на законодательном уровне для недопущения нарушений при внесении сведений в актовую запись о рождении ребенка?

СӘДЕНОВ Е.С. Этот вопрос присутствовал с самого начала обсуждения законопроекта и обсуждался на площадках комитетов.

Учитывая, что сегодня первое чтение и рабочая группа еще работает, мы, конечно, рассмотрим этот вопрос, он очень актуальный и нужный, здесь также есть ряд вопросов по генетической экспертизе.

В принципе, Министерство внутренних дел поддерживает. Если мы сейчас не учтем это, впоследствии в уголовном процессе могут возникнуть вопросы. Я думаю, мы проработаем этот вопрос. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сатыбалдин Ерболат Жалғасбайұлы.

САТЫБАЛДИН Е.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Ержан Сапарбекұлы, жаңа өзіңіздің жауаптарыңызда бірнеше рет Қылмыстық кодекстің 309-бабына енгізілген өзгертулер туралы айттыңыз. Мен соны нақтылап сұрағым келеді.

Қылмыстық кодекстің 309-бабына интернетті пайдалану арқылы жеңгетайлық жасағаны үшін үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған түзетулер енгізілген. Ал Қылмыстық кодекстің 308-бабында жезөкшелікпен айналысуға тарту бойынша қылмысқа жаза айыппұл немесе үш жыл бас бостандығынан айыру. Мазмұны бір қылмыс үшін 308-бап бойынша айыппұл төлеп құтылатын болса, 309-бап бойынша жеті жылға сотталады.

Қылмыскердің ісін қараған сот бұл баптарды өз қалауымен қолданып, қылмыскердің жазасын жеңілдетіп жіберетін сыбайластыққа әкеп соқпай ма? Осының басын ашып беріңізші. Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Рақмет.

Сіз 308-бап пен 309-бап туралы айтып отырсыз ба?

САТЫБАЛДИН Е.Ж. Иә.

СӘДЕНОВ Е.С. Бұл екі бөлек бап.

308-бап жезөкшелікпен айналысуға қатысты. Екінші бап притондар ашу, ұйымдастыруға қатысты. Құрамдары бөлек. Бұл жерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болмайды. Өйткені бізде қазір қылмыстық процестің үш буындық моделі қолданылады. Сондықтан оны прокурор, сот бірге қарайды. Ал мына жерде мүлдем басқа құрамдар. Бұны біз жұмыс тобының отырыстарында қарағанбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Саурықов Ерболат Байұзақұлы.

САУРЫҚОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мен сұрақтарымды Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің өкіліне қойғым келіп отыр.

Заң жобасының атауында ол тек адам саудасы мәселесінің реттелгені көзделген. Бірақ 5-тарауда жетімдер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғауға бағытталғаны туралы да жазылған.

Қазақстанда бала асырап алғысы келетіндердің саны жыл сайын көбеюде, бірақ асырып алынған балаларды балалар үйіне қайтару саны да азаймайды, үнемі өсу үстінде. Мысалы, соңғы бес жылда балалар үйіне қайтарылған балалар саны 64 пайызға өсті. 2020

жылы 160 бала, 2021 жылы 197 бала, 2022 жылы 217 бала қайтарылды. Бұл мәлімет дереккөздерден алынған.

Мен осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасының балалардың құқығын қорғау саласындағы уәкілетті органның пікірін тыңдағым келеді. Балалардың балалар үйіне қайтарылу санының өсуі немен байланысты? Бұл бағытта қандай кешенді жұмыстар жасап жатсыздар? Өйткені адам саудасына байланысты көп мәселе балалар үйіне қатысты туындап отырады.

Осы сұрақтарыма жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұрақ Оқу-ағарту министрлігіне. Оқу-ағарту министрлігі өкілінің микрофонын қосыңыздар.

ОСПАН Е.С. Құрметті Ерболат Байұзақұлы, сұрағыңызға рақмет.

Өкінішке қарай, сіз айтып отырған жағдайлар орын алуда. Бала асырап алушылар біраз уақыттан кейін асырап алған балаларды қайтадан балалар үйіне, балаларды қолдау орталықтарына (балалар үйлерінің барлығы қазір қайтадан трансформациядан өтті) қайтару фактілері орын алуда. Олардың санының көбею фактілері бар екенін растаймыз.

Біз осы фактілерді талдау жасағанымызда, негізінен асырап алынған 13-18 жас аралығындағы балалар қайтадан балалар үйіне қайтарылатынын анықтадық. Қазір Мәжілісте балалардың құқығын қорғау туралы заң жобасы талқылануда. Бұл заңның аясында кәсіби асырап алушы отбасы институты енгізілуде. Осы институт мәселені шешуге септігін тигізеді деп ойлаймыз, себебі балаларды асырап алған кәсіби отбасыларда балалар көбіне тұрақты түрде қалады. Және осы заңның аясында кез келген бала асырап алушыға балаларды қолдау орталығының тәжірибелі маманының сүйемелдеуін қамтамасыз ету көзделіп отыр. Осы іс-шаралар сіз көтеріп отырған мәселенің жүйелі шешілуіне өз септігін тигізеді деп санаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Смағұлов Бауржан Әміржанұлы.

СМАҒҰЛОВ Б.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ержан Сапарбекұлына.

Проектом закона предлагается дополнить Кодекс о браке и семье требованием, что должностные лица медицинских организаций и организаций для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в течение трех рабочих дней со дня оставления новорожденного, поступления и доставления детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, обязаны сообщить об этом не только в орган, осуществляющий функции по оценке или попечительству, но и в прокуратуру соответствующей административно-территориальной единицы. Например, взять город Алматы. В районной службе опеки работает один человек.

В этой связи вопрос: достаточно ли данной меры для предотвращения торговли новорожденными, учитывая, что торговля новорожденными детьми не теряет своей остроты? Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. В докладе я уже сказал об этом. Мы посмотрели, трехдневный срок – это, наверное, нормальный срок, ведь невозможно, чтобы в течение трех дней не давали о себе знать даже в тех же детских садах. Это выверенный срок, он обсуждался в рабочей группе. Я думаю, это правильный механизм, который не приведет к негативным последствиям. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Құспан Абзал Темірғалиұлы.

ҚҰСПАН А.Т. Рақмет, құрметті төраға.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген міндет онсыз да аз емес. Салыстырма үшін айта кетейін. Бізде құқық қорғау органдарына бес орган жатады, солардың ішінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Бас прокуратураның, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, Қаржылық мониторинг агенттігінің тергеп-тексеретін, қылмыстық қудалаушылықпен айналысатын істері 4 пайызға да жетпейді, ал қалған 96-97 пайызы ішкі істер органдарына жүктелген. Осындай жағдайда сіздер онсыз да аз емес қызметтеріңіздің қатарына осындай ауқымды іс-шараларды алып жатырсыз.

Бір ғана тармағына тоқтала кетейін. «Адам саудасына қарсы іс-қимыл жүйесі. Адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерін, адам саудасына байланысты қылмыстарды алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, сондай-ақ адам саудасы құрбандарына көмек көрсету». Осы жұмыстарды атқару, қосымша ауыртпалықты алу қосымша айыппұлды ұлғайтуға әкеп соқпай ма? Сіздің қызметкерлеріңіздің күші осыған жеткілікті ме? Осындай сұрақтарым бар. Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Рақмет.

Бұл заң жобасы «рамочный» деп айттық қой. Қылмыстық кодекстің 309-бабының екінші бөлігінде біраз ғана өзгерістер бар. Осы баптар бойынша біз бұл жұмысты бүгін де істеп жатырмыз. Бұл жерде тек жауапкершілік қана өседі деп ойлаймын. Жалпы, бүгінгі күнге біз бұл жұмыстарды атқарып жатырмыз. Статистика бар, оның бәрі белгілі. Меніңше, ауыртпашылық болмайды. Ол біздің жауапкершілігіміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Баққожаев Анас Ахатұлы.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

«Ауыл» партиясы азаматтарын қазақтың дәстүрін тап-таза күйінде сақтау әрқашан алаңдатады. Соған байланысты менің министрге сұрағым бар.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! 90-шы жылдары Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін Қазақстанда экономикалық жағдай, әрине, қиын болды. Сол кезде қызды алып қашу деген үдеріс пайда болды. Оны көбі қазақтың дәстүрі деп шатастырды. Өзіңіз білесіз, қазақ халқы құда түсіп, жөн-жоралғысын дұрыс, әдемі орындайтын халық. Бірақ экономикалық жағдайдың қиындығына байланысты 90-шы жылдары ондай фактілер болды.

Менің білуімше (мүмкін, қателесетін де шағырмын), қазір қызды алып қашу фактілері жоқтың қасы деуге де болады, себебі еліміз дамыған, жақсы, өркениетті елміз,

Батыс мемлекеттеріне теңесеміз дейміз. Бірақ «Уикипедияға» қараңызшы, онда қызды ұрлау мәселесінде Қазақстан Эфиопиямен бірдей тұр. Эфиопия қайда, Қазақстан қайда?! Соған байланысты менің сұрақтарым бар.

Қызды алып қашу фактілерінің статистикасы қандай? Енді ол адам ұрлығына да жатады ғой. Егер ол жоққа жақын болса, онда «Уикипедияға» ресми түрде жазып, Қазақстанды ондай мемлекеттер қатарынан алып тастау бойынша ұсыныс жасайсыздар ма? Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Рақмет. Сұрағыңыз маңызды.

Жалпы, дұрыс айтасыз, кезінде алып қашқан кезде артынан іздеп бару деген секілді неше түрлі дәстүрлеріміз болған. Комитет отырыстарында осы мәселені талқылағанбыз, сұрақтар болған.

Өкінішке қарай, бұндай фактілер әлі де кездесуде. Көп кездеседі деуге болмайды, әрине. Арызданушылар бар. Былтыр бір-екі факті болған, бәрін анықтадық.

Жалпы, қазір біздің халқымыз да өзгеріп келеді, бұрындағыдай емес. Интернет бар, басқа да кеңістіктер бар. Депутаттар, сіздер де түрлі аяңдарда осыны түсіндіру жұмыстарын жүргізіп тұрасыздар. Бұл тек қыз ұрлауға ғана қатысты емес. Қыз ұрлау да адам ұрлау бабына жатады, бізде қыз ұрлауға қатысты бөлек бап жоқ. Сондықтан ол да ауыр қылмыс санатына жатады.

Эфиопиямен салыстыруға қатысты мәселені мен бірінші рет естіп отырмын. Бұны талқылап көрейік.

Статистикаға келсек, қыз ұрлау фактісі көп емес, бірен-саран. Жастықпен кейбіреулері істеп қояды. Біз қылмыстық іс шеңберінде зерделеп көргенбіз, ондай бір-екі факті болған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлы.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрақтарым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне.

Жаңа сіз 19 қоғамдық бірлестіктер бар деп айтып кеттіңіз.

Бірінші. Сол қоғамдық бірлестіктердің жұмыс істеуіне сіздердің қандай талаптарыңыз бар?

Екінші. Мүгедектігі бар азаматтар зардап шеккен кезде осы қоғамдық бірлестіктердің олармен жұмыс істеу әдістемелері бар ма? Мүгедектігі бар азаматтармен олар қалай жұмыс істейді? Рақмет.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, сізге сұрақ.

САҒЫНДЫҚОВА Н.Е. Рақмет, Кенжеғұл Социалұлы.

19 дағдарыс орталықтары бар, оның біреуі мемлекеттік, ал 18-і үкіметтік емес ұйымдардың негізінде қалыптасқан. Өзіңіз білесіз, олар әлеуметтік тапсырыс арқылы жұмыс жасайды, соған сәйкес қаржыландырылады.

Егер сауда құрбаны болған азамат мүгедектігі бар азамат болып танылса, оған, әрине, міндетті түрде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Арнаулы әлеуметтік қызметтер кешені стандарттарға сәйкес белгіленген. Мүгедектігі бар азаматтарға дағдарыс орталығында адаптация белгіленген және сәйкес стандарттар арқылы оларға қажетті қызметтер көрсетіледі.

ТӨРАҒА. Депутат Тау Нұргүл.

ТАУ Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Сұрағым Ержан Сапарбекұлына.

Адам саудасына қарсы күрестегі тиімді бағыттың бірі – адвокаттар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін адам саудасына қарсы іс-қимыл процесінде көмек көрсетуге үйрету. Адам саудасы оларды анықтау мен тергеудің арнайы әдістемесін қажет ететін қылмыстың ерекше түрі. Осыған байланысты сұрағым бар.

Неліктен заң жобасында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мәселесі жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатқызылған? Рақмет.

СӨДЕНОВ Е.С. Кешіріңіз, сұрағыңызды қайталаңызшы.

ТАУ Н. Бұл заң жобасында адам саудасына қарсы күреспен жұмыс істейтін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру тек жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне берілген. Неге олай болды? Негізі сіздерде үйрететін арнайы орталық болу керек деп есептеймін. Ол жұмыс неге жергілікті атқарушы органдарға берілген?

СӨДЕНОВ Е.С. Рақмет.

Негізі біздің министрлік қана емес, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ғана емес, барлық мемлекеттік органдар, оның ішіне әкімшілік, үкіметтік емес ұйымдар осы жұмысқа қатысады. Бірақ қылмысты анықтау, әрине, ол біздің құзыретімізде. Негізі шалғай елді мекендерде ондай фактілер болады. Біреудің үйінде жүр, оның құжатын алып қойды ма, жоқ па, ол қалай келді деген мәселелерді анықтау үшін біз заңсыз тінту, тексеру жүргізе алмаймыз. Өйткені біздің қолымызда қылмыстық іс болмаса, біз ондай әрекеттер жасай алмаймыз.

Енді осы заң жобаның шеңберінде бағдарлама бойынша біз әкімшілікпен, волонтерлермен, үкіметтік емес ұйымдармен бірге осындай рейдтер жүргіземіз. Біз құзыретімізді ешкімге жүктемейміз. Осы жерде біздің жауапкершілігіміз күшейеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Мысырәлімова Айна Ермекқызы.

МЫСЫРӘЛІМОВА А.Е. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! Как решаются вопросы укомплектованности кадров в службах Министерства внутренних дел, которые занимаются вопросами торговли людьми? Насколько мне известно, их всегда не хватало, полицейские совмещали

компетенцию с другими направлениями, отсюда, я думаю, и вопросы к профессионализму полицейских, выявляемости и качественному подходу.

Хорошей и действенной помощью является деятельность неправительственных организаций. Есть ли их финансирование через государственный заказ и другие формы? Как обстоят дела в этом направлении, как вы взаимодействуете с ними?

СӘДЕНОВ Е.С. Айна Ермаковна, мы эту тему неоднократно поднимали при Вас, когда Вы были заместителем акима области.

Вопрос некомплекта всегда остро стоит, мы об этом говорим, и это не только по линии торговли людьми, а в целом. Цифры не буду называть, есть нехватка, мы по этому поводу с Правительством работаем.

В 2022 году у нас был создан Департамент по борьбе с организованной преступностью, в центральном аппарате которого есть управление, которое занимается вопросами торговли людьми. В настоящее время его структурные подразделения есть во всех областях. В принципе, вопрос в правильной организации работы, чем мы занимаемся.

Конечно, это бюджет. Вопрос некомплекта мы, наверное, будем задавать в рамках других выступлений, если поддержите, конечно.

В части взаимодействия с НПО. Да, это первые помощники, мы с ними работаем, здесь у нас никаких проблем нет. Они многое подсказывают, они больше знают. По вопросу взаимодействия с ними у нас никаких проблем нет.

ТӨРАҒА. Депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызы.

НҰРЫМОВА Г.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ержан Сапарбекұлы! Адамның мүшелерін алу мақсатында да ұрлау орын алуы мүмкін. Органдардың саудасы, сондай-ақ елден тыс жерлерге шығаруы мүмкін.

Осындай қылмыстардың статистикасы бар ма? Бұл бағытта Ішкі істер министрлігі қандай шараларды қолға алуда? Осы тәуекелдерді жою үшін қосымша түзетулер енгізу қажет деп ойлайсыз ба? Рақмет.

СӘДЕНОВ Е.С. Рақмет.

Меніңше, Қылмыстық кодекске ондай өзгертулер енгізудің қажеті жоқ, өйткені оның бәрі біздің заңнамада қарастырылған.

Статистика бойынша. Бір факт болса да ол сұмдық қой. Олай айтуға болмайтын шығар, бірақ бізде ол бірлі-жарым факт. Жасырын қылмыс болғандықтан оны анықтау керек. Өздеріңізге мәлім, былтыр біз бір үлкен топты әшкереледік, оның ішінде медициналық қызметкерлер бар. Тағы да бір топты әшкереледік. Осындай жұмыстар күнделікті жүріп жатыр.

Латентті қылмыс ол жасырын жасалынады. Көп жерде оперативті шаралар өтеді, оны біз күнделікті қарап отырамыз.

309-бапта біз тек жезөкшелікті, бала сату мәселесін ғана емес, осы мәселені де қараймыз. Бұл мәселені біз жан-жақты қарастырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Қырықбаев Темір Базарбайұлы.

ҚЫРЫҚБАЕВ Т.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Ержан Сапарбекұлы, «Айка» эскортницалары бойынша әлеуметтік желілерде қаншама ақпарат тарағанын өзіңіз де білесіз. Осы заң аясында қандай жұмыстар атқарылды? Осыған жауап берсеңіз. Рақмет.

СӨДЕНОВ Е.С. Біз бұл қылмысты анықтадық. Тізімнің таратылу бойынша бірден қызметтік тексеру жүргізілді. Қазір қылмыстық іс қозғалды, соның шеңберінде тексеру жұмыстары жүргізілуде. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Әбенев Мұрат Абдуламұлы.

ӘБЕНОВ М.А. Сұрақ қою менің ойымда жоқ еді, бірақ жаңа қыз алып қашу бойынша айтылғаннан кейін сөз сөйлеуге тура келіп отыр. Мен Ұлттық құрылтайда Президенттің тапсырмасын естеріңізге салайын деп едім.

Негізі бізде қыз алып қашу бар. Өкінішке қарай, кейбіреулері дәстүрді жамылып әлде де қыз алып қашумен айналысып жатыр. Азаматтардың құқықтары бұзылады деп айтты. Президент тапсырма берді.

Осыған қатысты менің бір ойым бар. Өткенде біз бір заң жобасын қарағанбыз, мен сол кезде де ұсыныс беріп үлгермедім. Адам ұрлау мәселесіне қатысты 125-бап бар, соның ішінде қыз алып қашуға қатысты бөлек қосымша көрсетілген. Көбісі соны пайдаланып кетеді. Примечание: «Лицо, добровольно освободившее похищенного или похищенную, освобождается от уголовной ответственности, если в его действиях не содержится состава иного преступления». Алып қашады, егер айқай-шу шықса, оны жібере салады. Оны ешкім тіркемейді, ары қарай қарамайды. Меніңше, босатқанның өзінде біз тіркеуіміз керек. Ол үшін заңға өзгеріс енгізуіміз керек.

Президент «здесь не только моральное обсуждение надо делать, надо законодательно внести изменения» дегенді айтты.

Босатқанның өзінде ол фактіні тіркемесек, ертең біз білмейміз, бақылай алмаймыз. Ең болмаса әкімшілік қамауға алайық. Тіркемесек болмайды. Қалай ойлайсыз?

СӨДЕНОВ Е.С. Өте дұрыс, қолдаймын. Осы жерде заңгерлер отыр, оны ескеретін шығар.

Сіз айтқандай, алып қашқанда айқай-шу туып жатса, оны жібере салады. Бірақ фактаж бар ғой, сондықтан ол жағдай Қылмыстық кодекстің аясында қаралады. Заңға өзгеріс қажет болса, әрине, енгізуге болады. Біз қарастырамыз.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Ержан Сапарбекұлы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Башимов Марат Советұлына беріледі.

БАШИМОВ М.С. Рақмет.

Уважаемый Ерлан Жақанович! Уважаемые депутаты! Отдельного системного закона о противодействии торговле людьми, как того требуют международные договоры в области прав человека, в Казахстане не было, поэтому мы наблюдаем актуальность его разработки и принятия. Необходимо принять его с учетом международного права.

Этот законопроект принимается во исполнение правозащитных поручений Главы государства.

Основным законопроектом предусматривается определение его организационно-правовых форм, установление уполномоченных органов в сфере противодействия торговле людьми, их прав и обязанностей, приведение определений в соответствие с международными стандартами и многое другое. Например, в соответствии с Палермскими принципами (здесь надо объективно сказать, что разработчик старался внести все, что касается правовых позиций) четко обозначено международное понятие «потенциальная жертва торговли людьми». Этого у нас в законодательстве не было. Это все те, кто находится в уязвимом положении и может стать объектом насилия или эксплуатации вследствие материальной, психологической или иной зависимости, несовершеннолетнего или престарелого возраста, сиротства или безнадзорности, беременности, инвалидности, психического и иного заболевания, злоупотребления наркотическими, алкогольными или психотропными веществами, безработицы, недокументированности, бездомности, а также неурегулированного миграционного статуса.

Отдельная глава посвящена более эффективной защите прав несовершеннолетних, как наиболее уязвимой категории граждан, и усилению профилактической работы.

Законопроектом предусматривается введение административной ответственности за несообщение должностными лицами медицинских организаций и организаций для детей-сирот о факте оставления новорожденного и определение компетенции уполномоченного органа по рассмотрению таких дел.

Кроме того, важным является привлечение к административной ответственности тех, кто не заключает трудовых договоров с потенциальными жертвами торговли людьми и несовершеннолетними. А это наблюдается сплошь и рядом.

В ходе работы депутатами внесено порядка 60 поправок. В частности, вводится новый институт Национального докладчика в лице Уполномоченного по правам человека. Это независимое лицо, необходимое для понимания проблемы, проведения оценки и вынесения рекомендаций в сфере противодействия торговле людьми. И это важный шаг в правозащитной деятельности государства.

Депутатами внесены поправки касательно оказания содействия иностранным жертвам торговли людьми по возвращению в свою страну в рамках предоставления специальных социальных услуг.

В связи с тем, что проблема торговли людьми является многогранной и выходит за пределы компетенции двух государственных органов – МВД и Минтруда, депутатами предложено предусмотреть четкие компетенции других государственных органов. Такой комплексный подход и совместные усилия позволят значительно уменьшить категорию этих преступлений и противодействовать торговле людьми.

Вводится уголовная ответственность за организацию сексуальных услуг через интернет. Понятие «эксплуатация человека» приводится в соответствие с международными конвенциями в части расширения способов принуждения.

В статье 128 «Торговля людьми» Уголовного кодекса дано четкое определение именно способам вовлечения граждан в незаконную эксплуатацию. Среди них угроза силой или ее применения, другие формы принуждения, похищение, мошенничество, обман, злоупотребление властью или уязвимостью положения и другие. Данные уточнения дают правоохранительным органам возможность возбуждать уголовное дело во всех перечисленных случаях.

Полагаем, что законопроект будет способствовать более эффективному выявлению уголовных правонарушений, усилит профилактическую работу по предотвращению торговли людьми, а также обеспечит дальнейшие меры по защите прав человека.

Комитетами Мажилиса даны положительные заключения по законопроекту.

Рабочей группой проведено четырнадцать заседаний с участием государственных органов, представителей неправительственных организаций и экспертов.

На основании изложенного комитет считает возможным одобрить данный законопроект в первом чтении. Прошу поддержать. Көп рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Марат Советұлы.

Енді, құрметті әріптестер, заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Қадірлі әріптестер! Заң жобасы бойынша бірнеше сұрақтар болды. Бұл заң жобасының өте маңызды және қажетті екенінің бірден-бір белгісі.

Бәріміз білеміз, адам саудасы мәселесі адамдарды Конституциямен бекітілген негізгі құқықтары мен еркіндіктерін шектейтін жаһандық проблема. Осыған қарсы барынша күш-жігер салынып жатқанына қарамастан, Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам саудасы жөніндегі жаһандық есебіне сәйкес, жыл сайын миллиондаған жан осы қатерлі сауданың құрбаны болады. Олардың арасында әйелдер мен қыздар саны шамамен 70 пайызды құрайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің деректеріне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «адам саудасы» санатында 100-ге жуық сотқа дейінгі тергеу тіркеледі.

Цифрлық технологиялардың дамуына байланысты адам саудасы артып, жасырын және трансұлттық сипат алып бара жатқанын бәріміз көріп отырмыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан адам саудасының түрлі фактілері туралы күн сайын еститін болдық. Мұндай проблема құрбандардың басым бөлігі әйелдер мен балалар, оларды мәжбүрлеп жезөкшелікпен айналысуға пайдаланады, сондай-ақ жұмысқа жегіп, құлдықта ұстау жағдайлары да бар. Тіпті «Евразия» телеканалындағы арнайы бағдарламадан өзінің туған қарындастарын осындай құлдыққа жеккен фактіні де көзімізбен көрдік. Ол әлеуметтік желіде, қоғамда үлкен резонансқа ие болды.

Еңбекпен қанауға негізінен әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған адамдар түседі. Осы факторлар оларды пайдалануға көндіруші адамдар үшін қолайлы жағдай жасап отыр.

Мұндай қылмыстардың таралу деңгейі еңбек нарығының және адамның әлеуметтік қорғалуының жай-күйін бағалау көрсеткіштерінің бірі ретінде қаралады.

Сонымен қатар мәжбүрлеп жұмыс істету фактілерін анықтау өте қиын. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мұндай құрбандарды анықтауда үлкен қиындықтарға тап болады, себебі ондай адамдар оқшауланған жағдайларда, жеке үйлерде және шалғай жерлерде жұмыс жасайды.

Адам саудасына қарсы іс-қимыл проблемасын тиімді шешу және соның құрбандарына көмек көрсету үшін оң халықаралық тәжірибені зерделеп, енгізу қажет деп есептейміз.

Қаралып отырған заң жобасы өзекті және уақтылы болып табылады.

Жеке заңның қабылдануы адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, осы саладағы заңнаманы одан әрі жетілдіру үшін құқықтық базаны қалыптастырады.

Бұл зұлымдықпен тиімді күресу үшін заңнаманы күшейту және адам саудасымен айналысатындар үшін жазаны қатаңдата беруіміз қажет, сонымен қатар осындай қылмыстар санатын едәуір азайтуға болатын алдын алу шараларына да ерекше назар аударған жөн. Негізінде белгілі бір өмірлік жағдайларда кез келген адам құрбан болуы мүмкін. Сондықтан мемлекет адам саудасына қарсы іс-қимыл тиімді болуы үшін барлық шараларды бірлесіп атқаруы тиіс.

Осы заң жобасын қабылдау өзекті және уақтылы деп есептейміз. Сол себепті барлықтарыңызды заң жобасын қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға басқа қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылық болмаса, осы қаулыларға жеке-жеке дауыс берейік.

Бірінші кезекте «Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 92. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 89, «дауыс бермегендер» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі қаулы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 92. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, келесі қаралатын мәселе «1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Есқараев Азамат Несіпбайұлына беріледі.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Ұсынылған заң жобасымен 1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау ұсынылады.

Хаттамамен Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік соттардың шешімдері мен өтініштерін орындау саласында құқықтық көмек көрсету жөніндегі сот органдарының функцияларын нақтылау бойынша шарттың 2-бабына өзгеріс енгізіледі.

Хаттамамен мынадай орталық мекемелер айқындалған:

Қазақстан тарапынан Әділет министрлігі, Жоғарғы Сот, Бас прокуратура;

Қытай тарапынан Әділет министрлігі, Жоғарғы халық прокуратурасы және Жоғарғы Халық Соты.

Хаттама «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңның 27-бабы 4-тармағына сәйкес ратификациялануға жатады.

Хаттаманы ратификациялау Қазақстан мен Қытай азаматтарының құқықтарын қорғауға бағытталған Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететін болады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Депутат Абден Қарақат Жақсылыққызы.

АБДЕН Қ.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Құрметті Азамат Несіпбайұлы, шарттың 2-бабына сәйкес құқықтық көмек көрсету туралы өтінішпен жүгінген кезде екі жақтың соттары мен басқа да құзыретті мекемелері орталық мекемелер арқылы өзара қатынас жасайды.

Орталық мекемелерге Әділет министрлігі мен Бас прокуратура жатады.

Сіздер өзгерістер ұсынып отырсыздар, яғни Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасында қосымша Жоғарғы Сотты енгізу туралы.

Бірінші. Бұл өзгерістерге не себеп болды?

Екінші. Бұл өзгерістер шарттың орындалуына қалай әсер етеді?

Үшінші. Осы хаттаманы ратификациялау не нәрсеге ықпал етеді?

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Сұрақтарыңызға рақмет.

Шартты ратификациялау негізінен Қазақстан заңнамасының өзгеруіне байланысты болуда. Яғни, біздің Азаматтық және Қылмыстық кодекстерге сәйкес жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қарау Жоғарғы Соттың құзыретіне берілген. Сондықтан осы норманы келісімшартқа енгізіп жатырмыз.

Осы шартты ратификациялау нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы құқықтық көмек көрсету саласындағы өзара ынтымақтастық одан сайын нығая түседі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Верховного Суда и докладчику.

Согласно договору стороны оказывают взаимную правовую помощь по гражданским и уголовным делам.

В соответствии со статьей 1 договора граждане сторон имеют право обращаться в суды, органы юстиции, прокуратуры и иные учреждения, к компетенции которых относятся гражданские и уголовные дела, а также могут ходатайствовать о других процессуальных действиях.

Гражданские дела включают в себя брачно-семейные и трудовые дела. Кроме того, договор применяется по торговым и хозяйственным делам.

В этой связи скажите, пожалуйста, по каким вопросам в основном взаимодействуют центральные органы сторон? Есть ли анализ статистических данных за 2022 – 2023 годы в части особенностей взаимодействия по оказанной правовой помощи по уголовным и гражданским делам? Спасибо.

ТӨРАҒА. Первый вопрос был представителю Верховного Суда. Пожалуйста, микрофон включите.

МУСРАЛИНОВ А.С. Спасибо за вопрос.

Согласно договору центральными учреждениями сторон являются министерства юстиции и генеральные прокуратуры обеих стран. Верховный Суд только включается в этот список.

Если говорить о правовой помощи по линии судов, то сегодня все ходатайства и запросы казахстанских судов, адресованные судам Китая, были связаны с делами о взыскании задолженности с юридических лиц, находящихся в Китае. За два года китайская сторона направила два ходатайства о признании исполнения арбитражных решений. Спасибо.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Спасибо за вопрос.

В Министерство юстиции в рамках взаимодействия с китайской стороны за два года поступило семь запросов, с нашей стороны было отправлено четырнадцать запросов. В основном они касались записи актов гражданского состояния (рождение детей, заключение брака, свидетельство о смерти). Все запросы были исполнены. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлы.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Азамат Несіпбайұлы! Шарттың 6-бабына сәйкес тапсырманы орындаған мекеме нәтижелеріне сұрау салған мекемеге жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ тапсырманың орындалғанын растайтын құжаттарды жіберуге міндетті. Бірақ шартта нақты мерзімдер көрсетілмеген. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Тапсырма қандай мерзімде орындалуға тиіс? Бұл процесс практикада қанша уақыт алады? Ұлттық заңнамада осындай тапсырмаларды орындау мерзімі бар ма? Қандай жағдайларда сұрауға жауап беруден бас тартылуы мүмкін? Рақмет.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бұл келісімшартта нақты мерзімдері көрсетілмеген. Бірақ өзіміздің қолданыстағы ұлттық заңнамамызға сәйкес, Азаматтық істер жүргізу кодексіне сәйкес, Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексіне сәйкес бұл сұрауларды орындау мерзімі бір айға теңеседі, бір айдың ішінде жауап берілуі керек.

Егер сұраулардың ішінде нақты мерзімдері көрсетілетін болса, онда сол көрсетілген мерзім ішінде жауап берілуі тиіс. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Кучинская Юлия Владимировна.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос в продолжение вопроса моего коллеги и адресован представителю Верховного Суда.

По информации Судебной администрации Республики Казахстан, в Китай в 2022 – 2023 годах направлено семь ходатайств о признании и исполнении решений судов Казахстана и шестнадцать поручений об оказании правовой помощи.

Казахстан со своей стороны исполнил полный объем правовой помощи, то есть одно поручение и одно ходатайство. При этом, сколько исполнено китайской стороной, не уточняется.

В этой связи скажите, пожалуйста, на какой стадии исполнения сейчас ходатайства и поручения, направленные казахстанской стороной?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, включите микрофон представителя Верховного Суда.

МУСРАЛИНОВ А.С. Спасибо за вопрос.

Из семи ходатайств о признании исполнения решений судов Казахстана шесть находятся сейчас еще на исполнении, по одному ходатайству поступил ответ о необходимости дополнения документами.

Из шестнадцати поручений об оказании правовой помощи десять находятся на исполнении, по шести поручениям китайская сторона предоставила ответы о невозможности исполнения, так как юридические лица по указанным адресам не находятся.

Ратификация рассматриваемого сегодня протокола позволит нам уже напрямую взаимодействовать с судебными органами Китая, что, на наш взгляд, ускорит все процессы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Жұбанов Әділ Орынбасарұлы.

ЖҰБАНОВ Ә.О. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Азамат Несіпбайұлы! Қаралып отырған заң Қытай Халық Республикасымен 1993 жылы 14 қаңтарда қол қойылып, содан бері қолданыста.

Бүгінгі ратификация қолданыстағы келісімшартқа бірнеше оңтайландыру бағытында өзгеріс енгізіп отыр. Сол өзгерістердің бірі басқа елде қылмыс жасаған азаматты экстрадиция процесін тездету болып табылады. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Осындай келісімшарт бола тұра 2014 жылы Гуанжоу қаласында есірткімен ұсталған отандасымыз Ақжарқын Тұрлыбай не себепті елге қайтарылмайды?

Екінші. Осы келісімшартқа енгізіліп отырған өзгеріс хаттамасы Қытай Халық Республикасында ратификация процедурасынан өткен бе? Рақмет.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша. Бұл мәселені негізінен құқық қорғау органдарына, нақты айтқанда, Бас прокуратураға жолдағаныңыз дұрыс болады деп ойлаймын, осы мәселемен сол орган айналысады.

Екінші сұрағыңыз бойынша. Қытай Халық Республикасында да ратификациялау процедуралары жүргізіліп жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бұл мәселе бойынша бүгін Бас прокуратура шақырылмаған. Жазбаша немесе кездесіп жауабын аларсыз.

Депутат Бапи Ермұрат Сейтқазыұлы.

БАПИ Е.С. Рақмет, Төраға мырза.

Қытай мәселесіне қазақ қоғамы күдікпен, қатермен, алаңдаушылықпен қарайтынын білесіздер. Бұл менталитет қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан. Сіздер «судан өтіп алғанша қызынды алайын» дейсіздер де, осы заңды қабылдатып алғаннан кейін зым-зия жоғаласыздар.

Мемлекеттік органдар тарапынан әсіресе Қытай мәселесіне байланысты, Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасқа байланысты осындай бір заң, әлде бір құжат қабылданған кезде біз мемлекеттік органдардың ешқайсысын таба алмай қаламыз. Әлеуметтік желілер шулайды, бұқаралық ақпарат құралдарында сұрақтар қойылады,

осының бәріне депутаттар жауап беріп жатады. Олар бізге шығады. Өйткені біз қабылдадық. Бірақ уәкілетті органдар да бар ғой, олар халыққа түсіндіруі керек, оның қандай тәуекелі бар, қандай қатері бар немесе керісінше қандай пайдасы бар екенін.

Сіз уәкілетті органның басшысы ретінде осы заңға қатысы бар мемлекеттік органдардың ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізуіне араласуыңыз керек. Сіздер баспасөз қызметі арқылы, коммуникациялар арқылы халыққа түсіндірулеріңіз керек. Алаңдап отырған елге мәлімет беру керек. Осы мәселеде менің сізге ағалық өтінішім бар. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Сіздікі сұрақ емес, өтініш, ұсыныс қой. Жақсы.
Депутат Сарым Айдос Әміроллаұлы.

САРЫМ А.Ә. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және сот әкімгеріне.

Өздеріңіз білесіздер, жақында бұқаралық ақпарат құралдары «ҚазАвтоЖол» компаниясының айналасындағы дау-дамай бойынша, оған Қытай компаниясының араласқаны жөнінде қатты шулап кетті. Сол жерде бізді екі мәселе алаңдатып отыр.

Бірінші. Дәнекер болған «Центркредит банкі» аяқ астынан миллиардтаған ақшаға қарыздар болып қалған. Келісімшарттар арқылы, басқалар арқылы біздің азаматтарды, біздің компанияларды қорғаудың жолы бар ма деген мәселе туындайды.

Екінші. Осы жерде адвокаттар отыр, олардың бәрі таңғалды. Мысалы, сол істің дұрыс шешілуіне ықпалдаған азаматтарға 1 миллиард теңгеден астам гонорар берген деген бұрын-соңды болмаған жағдаяттар орын алды деген әңгімелер айтылды. Сол бойынша хабарыңыз бар ма? Сол туралы не айта аласыз?

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Сұрағыңызға рақмет.

Егер даудың шешілу барысында жеке немесе заңды тұлғаға құқықтық көмек қажет болса, онда осы келісімшарт негізінде екіжақты құқықтық көмек көрсете аламыз.

Адвокаттарға 1 миллиард теңге сыйақы төленгені жөнінде мен естімеппін. Бұл жағын нақтылап, сізге жазбаша түрде жауап берейік.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Жақсы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Азамат Несіпбайұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Арсютин Николай Геннадьевичке беріледі.

АРСЮТИН Н.Г. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Законопроектом предусматривается ратификация Протокола от 17 мая 2023 года о внесении изменений в Договор между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой об оказании правовой помощи по гражданским и уголовным делам, который был заключен в январе 1993 года.

Проект протокола уточняет функции судебных органов по оказанию правовой помощи в сфере исполнения решений и ходатайств иностранных судов, а также в части изменения компетентных органов обеих сторон.

Данные изменения исключают временные затраты как самих граждан, так и уполномоченных органов по перенаправлению ходатайств из компетентного органа в судебные органы договаривающихся сторон, что, в свою очередь, будет способствовать более быстрому разрешению вопросов защиты законных интересов граждан и юридических лиц обеих сторон.

В рассматриваемом протоколе не выявлено каких-либо противоречий Конституции и действующему законодательству Республики Казахстан, в том числе в части соблюдения прав и свобод человека.

Законопроект всесторонне рассмотрен на заседаниях рабочей группы и головного комитета.

Все постоянные комитеты Мажилиса дали положительные заключения.

На основании изложенного предлагаю принять закон и направить его на рассмотрение в Сенат Парламента.

Прошу поддержать. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Николай Геннадьевич.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Әлішев Қазыбек Құрманғалиұлына беріледі.

ӘЛІШЕВ Қ.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қазақстан мен Қытай халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына, егемендік пен аумақтық тұтастықты өзара құрметтеуге, бейбіт қатар өмір сүруге сәйкес тату көршілік, достық және өзара тиімді ынтымақтастық қатынастарын белсенді дамытып, нығайтуда.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1990 жылдың қаңтарында орнатылғанын атап өткен жөн.

Екі мемлекеттің арасындағы ынтымақтастық әртүрлі салалардағы 250-ден астам үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдерден тұратын ауқымды шарттық-құқықтық базамен реттеледі.

Соңғы үш жылда біз:

азаматтық әуе кемелерін авиациялық іздеу және құтқару саласындағы ынтымақтастыққа;

ядролық және радиоактивті материалдардың, олардың қалдықтары мен радиациялық қауіпті заттардың заңсыз өткізілуінің алдын алу бойынша өзара іс-қимылға;

екі ел мемлекеттерінің азаматтарына қатысты ақпарат алмасуға;

Еуразиялық экономикалық одақ пен Қытай Халық Республикасының кедендік шекаралары арқылы өткізілетін халықаралық тасымалдардың тауарлары мен көлік құралдары туралы ақпарат алмасуға бағытталған бірқатар екіжақты шарттарды және басқа да келісімдерді ратификацияладық.

Қаралып отырған хаттаманы ратификациялау Қазақстан мен Қытайдың тиісті мемлекеттік органдары арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастығын кеңейтуге мүмкіндік береді және сауда-экономикалық әріптестіктен бастап қылмысқа қарсы күрес жөніндегі өзара іс-қимылға дейінгі ынтымақтастық спектрін екіжақты деңгейде тиімдірек дамытуға мүмкіндік береді.

Әріптестермен осындай келісімдер жасасу халықаралық субъектілердің қатысуымен азаматтық істерді қарау және негізгі істерді тергеп-тексеру жөніндегі ынтымақтастықтың шекарасын кеңейтеді.

Аталған хаттама азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге, сондай-ақ екі ел азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталғандықтан мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутат жоқ. Талқылау барысында осы заңды қабылдау жөнінде ұсыныс түсті. Осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 88, «қарсылар» – 2. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым).

Сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлына беріледі.

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында халықтың шамадан тыс несиеленуін төмендету бойынша тапсырмасын іске асыру жөніндегі қыркүйекте өткен парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша депутаттардың бастамасымен әзірленді.

Заң жобасы 6 наурызда Мәжілісте бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасын қарау барысында Мәжіліс комитеттері мен депутаттардан 100-ден астам ұсыныстар келіп түсті. Олардың барлығы құзыретті мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуымен өткен жұмыс тобының он тоғыз отырысында талқыланды.

В ходе работы над законопроектом депутатами после первого чтения дополнительно внесены следующие нормы:

об определении предельного размера ГЭСВ (годовая эффективная ставка вознаграждения) по кредитам и микрокредитам совместным нормативным правовым актом Агентства по регулированию и развитию финансового рынка и Национального Банка;

о введении моратория до 2026 года на продажу долгов граждан по банковским займам и микрокредитам коллекторским агентствам. По истечении моратория предлагается

установить условия для продажи долгов граждан по банковским займам и микрокредитам, предусмотренные законопроектом, то есть по истечении 24 месяцев с момента наступления просрочки:

об исключении особого режима регулирования PDL-микрокредитов (микрокредиты до заработной платы). Как вы знаете, если сумма кредита не превышает 50 месячных расчетных показателей и срок кредита не более 45 дней, то по этим кредитам ставки очень высокие – от 0,4 процента в день, что составляет 146 процентов годовых. При этом средняя ставка за 2023 год по микрофинансовым организациям по PDL-кредитам составила 313 процентов годовых, а годовая эффективная ставка – свыше 1300 процентов годовых. Здесь необходимо отметить, что учредителями основных микрофинансовых организаций, работающих на рынке занимающих более 80 процентов от объема PDL-займов на текущую дату, являются нерезидентами Республики Казахстан. Теперь такой режим регулирования выдачи PDL-микрокредитов исключается из закона, он будет регулироваться предельным размером ГЭСВ по кредитам и микрокредитам, утвержденной нормативным правовым актом Агентства по регулированию и развитию финансового рынка и Национального Банка. Как вы знаете, текущий уровень ГЭСВ сегодня составляет 56 процентов, после принятия закона предполагается снижение уровня ГЭСВ до 42 процентов по банкам второго уровня и до 50 процентов – для микрофинансовых организаций;

о закреплении за банковским омбудсменом полномочий по рассмотрению споров только по банковским займам и о введении института микрофинансового омбудсмана с наделением его компетенцией по рассмотрению споров по микрокредитам. Учитывая низкую финансовую грамотность большинства заемщиков физических лиц, уверены, что работа омбудсменов приведет к усилению защиты прав граждан по регулированию проблемы кредитов.

Кроме того, поддержаны дополнительные нормы, касающиеся:

защиты семей, в которых проживают лица с инвалидностью первой или второй групп. Предлагается установить запрет по выселению таких семей в отопительный сезон;

синдицированного финансирования, а именно предусмотрение возможности использования международного стандарта (LMA) для договора синдицированного займа, более двух третей участников которого являются нерезидентами;

запрета банку, организации, осуществляющей отдельные виды банковских операций, предоставлять банковские займы физическому лицу без согласия супруга (супруги), при этом порядок получения и минимальный размер банковского займа, по которому необходимо согласие, определяются нормативным правовым актом уполномоченного органа;

автоматизации процесса предоставления военнослужащим отсрочки платежей по займу на срок прохождения срочной воинской службы;

внедрения упрощенного порядка исполнительного производства по отдельным категориям дел, что позволит снизить финансовую нагрузку на граждан.

Ряд поправок депутатов был направлен на получение по ним заключения Правительства, которое было получено 13 марта.

Вместе с тем в связи с расширением концепции законопроекта предлагается изменить заголовок проекта на «О внесении изменений и дополнений в некоторые

законодательные акты по вопросам минимизации рисков при кредитовании, защиты прав заемщиков, регулирования финансового рынка и совершенствования исполнительного производства».

Заң жобасы бір кодекс пен он бес заңға түзетулер мен толықтырулар енгізуді қамтиды. Жұмыс тобының он тоғыз отырысы мен комитеттің үш отырысы өткізілді.

Құрметті әріптестер! Ұсынылып отырған заң жобасы жалпы халықтың шамадан тыс кредит алуына байланысты жағдайды түбегейлі өзгертуге және қаржы жүйесі үшін тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған.

Баяндалғанды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды және оны мақұлдау үшін Парламент Сенатына жіберуді мүмкін деп есептейді.

Қорытынды жобасы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Тұрсынбекұлы.

Әріптестер, бас комитеттен осы заңды қабылдап, Сенатқа жіберу жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылық болмаса, осы ұсынысқа дауыс берейік. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 90, «жақтағандар» – 90. Шешім қабылданды.

Әріптестер, бүгін біз өте маңызды, әрі қажетті заң қабылдадық. Бұл туралы толық ақпаратты, мазмұны туралы жаңа әріптесіміз Берік Тұрсынбекұлы айтып өтті. Соңғы кездері шынында да шамадан тыс кредит алу халықтың ішінде үлкен проблемаға айналып отыр. Мемлекет басшысы да бұл мәселеге алаңдайтынын бірнеше мәрте өз сөздерінде айтқан болатын. Биылғы Жолдауында тиісті және нақты тапсырмасын да берді. Сонымен депутаттар осы заңды әзірледі. Бұл құжатты азаматтарымыздың қаржылық проблемалары туралы көтерген арыз-шағымдарына біздің берген жауабымыз деп айтуға болады.

Осы заңда қарастырылған жаңа нормалар қазақстандықтардың қарызға батуын алдын алуға жағдай жасайды, сонымен қоса тұтынушыларды коллекторлардың дөрекі іс-әрекеттерінен сақтайтын, қорғайтын болады. Жалпы алғанда, қабылданған заң халық арасында қарыз көлемінің едәуір азаюына септігін тигізетініне біз сенімдіміз. Азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартып, оларға қаржылық еркіндік пен сенімділік беретіні сөзсіз.

Сонымен осы заң жобасына қатысқан депутаттарға және мемлекеттік органның басшыларына алғысымды айтамын.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жаңа редакцияда ұсынған жекелеген баптары жөнінде.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызына беріледі.

НҰРЫМОВА Г.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Әлеуметтік-мәдени даму комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жекелеген баптарына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгерістер мен толықтыруларды қарап шығып, келесіні атап өтеді.

Шегілмейтін темекі бұйымдарының, электрондық тұтыну жүйелерінің (вейптердің), оларға арналған ароматизаторлар мен сұйықтықтардың айналымы үшін қылмыстық жауаптылықтың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары көрсетілген іс-әрекет үшін заңды әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын нормалармен толықтыруды ұсынды.

Бұдан басқа, тауар белгісінің элементтерін немесе шегілмейтін темекі бұйымдары мен вейптердің атауы ретінде белгілі болған тауар атауын пайдаланып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жарнамалауға, сондай-ақ әртүрлі іс-шараларды, оның ішінде шегілмейтін темекі бұйымдары мен вейптерге сұраныс пен қызығушылықты ынталандыруға бағытталған жүлделердің ұтыс ойындарын, лотереяларды өткізу кезінде оларды жарнамалауға тыйым салуды белгілейтін нормаларды ұсынды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары жекелеген баптарға енгізген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған заңның тұжырымдамасын өзгертпейді және оның мазмұнын нашарлатпайды.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жекелеген баптарына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты енгізген өзгерістермен және толықтырулармен келісуді ұсынамыз.

Қолдауларыңызды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, қандай пікірлеріңіз болады? Қолдаймыз ғой?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда бұл мәселе бойынша қаулының жобасына дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «жақтағандар» – 91. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, сонымен күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.

Сөз депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менікі депутаттық сауал емес, ұлт зиялыларына үндеу.

«Ұлт болып ұйысу, жұрт болып жұмылу жолында зиялы қауым өкілдерінің алар орны бөлек. Күні кеше Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды. Ұлт тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Ел ағалары ауызбіршілікті және ұрпаққа өнегелі болуы керек», – деп ұлт зиялыларына өз қайырылуын жасады. Сол Құрылтай төрінде мені қоғамымызда айрықша орны бар, сөз бастаса халықты ұйытар шешен, көш бастаса елді ертер көсем, руханият әлеміндегі әйгілі тұлғалардың бүгінгі кескін-келбеті мен жауапкершілігі қатты ойландырды. Осы орайда «Қазақ оқығанын сыйлайды, соңынан ереді. Қазақты тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да – оқығаны» деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөзі ойға оралады. Қай дәуірде де, қандай тарихи кезеңде де қоғамның негізгі қозғаушы күші – зиялылар!

Расында, Майқы бидің «Бетеге кетсе – бел қалар, бектер кетсе – ел қалар, бірлігің кетсе – нең қалар» деген нақылы дәл бүгінгі таңда тіпті өміршең болып тұр.

Кешегі Алтын Орда мен бүгінгі Ақ Ордаға дейін қазақ елінің жүріп өткен күнгей-теріскейлі тарихында қара халыққа жарық сыйлап, жол нұсқаған, үмітін үкілеп, жігер берген тұлғалар аз емес. Ал есімі елге мәшһүр бүгінгі кейбір тұлғаларымыз, ақсақалдарымыз, тарихшыларымыз, жазушыларымыз ай-күннің аманында болары болып, бояуы сіңген түрлі оқиғалар туралы айтысып, тартысып, Алаш көсемдері мен Кеңес қайраткерлерін қағыстырып, қыл аяғы Шыңғыс ханның тегіне таласып, өспейтін елдің баласындай өнбейтін дауды қуып, «өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін» бірінің қолы бірінің жағасында жүрген жағдайларды ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде аз көріп жүрген жоқпыз. Президент соны меңзесе керек.

Тұрар Рысқұлов пен Сұлтанбек Қожановты, Сәкен Сейфуллин мен Алашорданы, Мағжан Жұмабаев пен Сәбит Мұқановты, Дінмұхамед Қонаев пен Жұмабек Тәшеновті бір-біріне қарсы қойып, елдің ішін алапайдай бүлдіріп, бөліп-жару кімге керек? Олардың бағы мен сорын, бары мен жоғын жарыстырғаннан бүгінгі ұрпақ қандай үлгі алады? Қандай өнеге?!

Әр тұлғаның өз биігі бар. Бір тұлғаны көтеру үшін екінші тұлғаға көлеңке түсірудің түкке керектігі жоқ.

Баррикаданың қай қапталында болса да қазақ елінің тәуелсіздігі жолында бармағы шайнауда, басы айдауда кеткен тұлғалардың бәрі өз алдына бір-бір асқар тау! Әрқайсының өз тағдыры бар, өз сүйініші, өз күйініші болды. Олардың күрес түрлері әртүрлі болғанмен, түпкі мақсат бір еді. Бәрі ұлттық мұраттар жолында, қазақтың хақы үшін күресте өмірлерін сарп етті. «Басына ас құйып, сабына қарауыл қойған» заманда ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылуды көкседі олар.

Бүгін тұлғаларды жарыстыратын, алыстыратын заман емес, ұлттық мұраттарды табыстыратын заман.

Осы орайда Несіпбек Айтұлы ағамыздың:

«Ағалар-ай!

Барында аз ғұмырды бағаламай,

Абайсыз адаспандар бір-біріңнен,

Жарықта жайнап тұрған самаладай.

Болғанда халық – теңіз шалқып жатқан,

Өздерің шырылдайтын шағаладай.
Ауылын пенделіктің жағаламай,
Басына бір төбенің жиналсаңшы,
Андыздап, әр бұтаны сағаламай.
Өздерің қонақтайтын бәйтеректің,
Тамырын балталамай, араламай.
Шоқыға шықсаңдаршы хан көтеріп,
Тартысып бір-біріңді табаламай!

Қайран, Ағалар-ай...», – деген өлең жолдары еріксіз еске оралады.

Президенттің Атырау алабында айтқан «Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, білімді жастар көп. Олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Мен зиялы қауым өкілдерінің бір-біріне әрдайым тілектес болғанын қалаймын. Өзара жанашыр болу – елге жанашыр болу деген сөз. Ұсақ-түйек әңгімені қойып, қазақты бөліп-жармай, жалпыұлттық деңгейде ойлауға ұмтылайық!» деген жүрекжарды тілегін байтақ қазақ даласындағы көш бастаған ел ағалары ұран секілді қабылдаса деген ниетімді жеткізгім келеді.

Қазақ халқы тағдыршешті сәттерде Абайға, Абай жазып қалдырған жалғыз кітапқа жүгініп отырған. Ұлт зиялылары ұлы ойшылдың «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесен, істің бәрі бос» деген сөзін асқан жауапкершілікпен сезінетін сәт туды!

Құрметпен Ж. Әшімжан, Е. Бейсенбаев, А. Әлтай, Е. Жаңбыршин, Қ. Иса, Е. Сайыров, А. Сарым, Е. Бапи, А. Баққожаев, Р. Зайытов, Ж. Амантайұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлына беріледі.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Қадірлі әріптестер! Өткен Ұлттық құрылтайда еліміз үшін келелі саяси-идеологиялық, өзекті адами құндылықтар мен азаматтардың құқықтары туралы, сондай-ақ маңызды әлеуметтік, экономикалық нақты жобаларға қатысты мәселелер көтерілді.

Мемлекет басшысы бәріміз көтеріп жүрген үлкенді-кішілі өзекті ойларды нақтылап, оларды іске асыру бағыттарына тоқталды.

Құрылтайда өз тарапымынан сұрапыл соғыста қасық қаны қалғанша ерлік көрсеткен майдангерлеріміздің, Президент айтқандай, «Адал адам» қағидатына сай тарихи тұрғыдан әділ бағалануы тиіс екенін көтердім, өйткені әлемдегі барша ұлттарды жойып, өздерінің нацистік идеологиясын орнатқысы келген фашистерге аталарымыз қасқайып қарсы тұрды. Бірақ бүгін тек бейбіт қоғамда өмір сүріп, оқ-дәрінің иісін сезбеген, отан үшін күрестегі шайқастармен терең таныспаған ұрпағымыздың кейбір өкілдері тарихи оқиғаларымыз бен айбынды тұлғаларымызды жоққа шығарғысы келеді. Бұл тарихымызға жасалған қиянат, батырлардың рухына деген құрметсіздік.

Ел боламыз десек, әрбір тарихи оқиғаны сол аламанның бел ортасында жүрген дара тұлғалардың есімін жас ұрпақтың жадында тасқа қашағандай етіп таңбалауымыз керек.

Мысалы, әлемнің көптеген елдері өз тарихын тұғырлы тұлғалармен тығыз байланыстырады, тіпті олардың есімдерімен арнайы дәуірлер мен кезеңдерді атайды. Оған қоса мемлекеттерінің ордендері мен медальдарына ұлы көсемдерінің, данқты

қолбасшыларының есімдерін берген. Бұл ұлттың ұлылығын және оның саяси мәдениетінің биіктігін көрсетеді.

Осы ретте кешегі Ұлттық құрылтайда Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тарихи әділдікті орнату үшін еліміздегі аты аңызға айналған қаһармандарымыз Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағамбетовтың есімдерімен аталатын арнайы ордендерді тағайындауды ұсынды. Президенттің бұл ұсынысы адамзат өркениетінде зардабы жөнінен бұрын соңды болмаған, миллиондаған адамдардың өмірін жалмаған, тағдырларын талқан еткен Екінші дүниежүзілік соғыста от кешкен 1 миллион 400 мыңдай қазақстандық майдангерлердің рухына деген нағыз құрмет.

Бұл отаншылдықты, ұлттық бірегейлікті нығайтуға зор келелі ықпал етеді.

Бірақ батыр бабаларымыздың рухына көрсетілген Құрылтайдағы игі бастама ақпараттық тұрғыдан жан-жақты таратылмай, қоғамда лайықты деңгейде насихатталмады.

Сондықтан бірінші кезекте біз, Мәжіліс депутаттары, осы тың идеяға арнайы тоқталуды жөн көрдік және аталған ұсынысты заңды түрде бекітуіміз қажет. Бұл шешімді тез арада алдағы маңызды мерекелерге дейін қабылдап, алғашқы сарбаздарымызды еліміздің біртуар перзенттерінің атындағы мәртебелі ордендермен марапаттауымыз керек.

Бүгінгі біздің депутаттық сауалымыз – Құрылтайда көтерілген мәселелерді Парламент мінберінен Үкіметке ресми түрде жолдау.

Осыған орай Үкімет:

біріншіден, майдангерлеріміздің атын мәңгі есте сақтау шараларын қолға алсын;

екіншіден, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді қайта жаңғыртып, майдангерлердің деректерін цифрландырып, арнайы ұлттық порталды жасақтасын;

үшіншіден, бұл жұмыстарға көпжылдық тәжірибесі бар қоғамдық ұйымдар мен мамандарды тартсын, аталған жобаларға барлық көздерден қаржыландыруды қарастырсын.

Егер осы міндеттерді тыңғылықты іске асырсақ, майдангерлер алдындағы адал перзенттік парызымызды орындап, тарихи әділдікті қалпына келтіреміз.

Құрметпен «АМАНАТ» фракциясының депутаттары».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құспан Абзал Темірғалиұлына беріледі.

ҚҰСПАН А.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектеновке. Сауалым кешегі өткен Ұлттық құрылтайға қатысты.

«Ұлттық құрылтай – іргелі елдік мәселелер ортаға салынатын, идеологиялық бағдарымыз талқыланатын алқалы алаң. Осыған орай күні кеше Атырауда өткен Құрылтайда ұлт өміріне қатысты көптеген маңызды мәселемен қатар елдігіміздің айшықты белгісі – Герб мәселесінің де көтерілуі орынды деп білемін.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жайында: «Елтаңбамызға қатысты сыни пікірлер айтылып қалады. Оны Кеңес заманындағы Гербке ұқсатып жатады. Тым эклектикалық, күрделі дейді. Мұндай ойды ел ісіне бейжай қарамайтын белсенді азаматтар ғана емес, мамандар да айтып жүр. Орынды пайымдар ескерусіз қалмауы керек. Ортақ

келісімге келген жағдайда арнаулы комиссия құруға болады. Бұл комиссия мәселені жан-жақты қарастырып, қоғамдық талқылау өткізеді. Сосын Қазақстанның жаңа Елтаңбасының жобасын жасауға ашық байқау жарияланады», – деп, мұны көпшілікпен бірге кеңінен талқылай отырып ортақ шешімге келуді ұсынды.

Бұл ұсыныс қоғамның қызығушылығын туғызып, қызу талқылануда. Олардың бір тобы қолданыстағы Гербті осы қалпында қалдырайық десе, енді бірі заман талабына сай өзгертейік дейді. Бұл – заңды, әрі оң құбылыс, азаматтық қоғамның белсенділігі мен жетілгенінің көрінісі.

Екінші жағынан жұртшылықтың елдік нышандарға бейжай қарамайтынын, отаншылдық сезімінің жоғарылығын айқын аңғартады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, мемлекет Гербі сол елдің терең тарихымен, төл дүниетанымымен және алға қойған мұратымен тығыз байланысты болады. Герб атауының өзі «мұра» деген ұғымды білдіреді.

Кейбір елдер Гербсіз, эмблемамен ғана шектелген.

Бұл ретте біздің халқымыздың тарихы да елдік нышандар бедерлеу тәжірибесіне бай. Тамырын сақ, ғұн, түрік қағанаты заманынан тартатын таңбаларымыз Гербтің түп атасы деуге толық негіз бар.

Бабаларымыз құрған көшпелі өркениет өнімі – таңба жасау дәстүрі ғұндар арқылы Еуропа елдеріне таралған деуге болады. Сондықтан тарихы терең таңба жасау тәжірибемізді ел Гербін жетілдіру ісіне пайдаланудың маңызы зор.

Рас, қолданыстағы Гербіміз де жақсы жасалған, ұлтымызға тән қастерлі белгілермен бірлік пен бейбітшілікті айшықтауды мақсат тұтқан. Ол осы кезеңнің ерекшелігі мен сұранысына сай ел халқын біріктірушілік қызметін мүлтіксіз атқарып келді.

Бұл ретте қазақ мемлекеті 1991 жылы ғана пайда болмағанын, оның мемлекеттілік тарихының тереңде жатқанын да ескергеніміз жөн. Ол арғыдағы Сақ, Ғұн, Түрік қағанаты, Ұлық ұлыс – Жошы ұлысының, бергідегі Қазақ хандығының тікелей мұрагері. Бұл ерлік пен өрлікке толы тарих.

Биыл қазақ даласында ту көтерген Жошы ұлысы – Алтын Орданың құрылғанына 800 жыл толуын атап өткелі отырмыз.

Міне, қазақ елінің осындай терең тарихи сабақтастығы, жауынгер ата-бабаларымыздың асқақ рухы, мемлекеттіліктің сұсы мен сесі, атағы мен айбыны Гербте көрініс тапса игі. Сондықтан алдағы уақытта осы бағытта көп болып кеңесу артықтық етпейді.

Осы орайда Президенттің Гербті қоғаммен талқылау туралы бастамасын қолдай отырып, оны тарихи сабақтастықты, заман сұранысын ескеріп, жетілдіру жайын ойластырған жөн деп санаймыз.

Бұл маңызды істі осыған жауапты мемлекеттік органдардың қолға алып, көпшілікпен, тиісті мамандармен, қолданыстағы Герб авторымен жан-жақты талқылау ұйымдастыруын ұсынамын.

Құрметпен Мәжіліс депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сарым Айдос Әміроллаұлына беріледі.

САРЫМ А.Ә. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министрдің орынбасары Дүйсеноваға.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Осы күндері елімізде саяси транзит басталып, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы болғалы бес жыл толып отыр.

Осы бес жыл ішінде Президентіміз кітап сүйер қауымды қалыптастыру, кітап оқу мәдениетін дамыту туралы мәселені күн тәртібінен түсірген емес.

Биылғы Атырауда өткен дүбірлі Құрылтайда да Президент мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде кешенді шаралар қабылдау қажеттігін атап көрсетіп, кітапты сүйіп оқитын ел жобасына қайта тоқталды.

Мемлекет басшысының осы мәселеге ерекше назар аударуының себебі кітап оқу ұлттың дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі шарты екендігімен байланысты.

Бұл ретте, айта кету керек, отандық авторлар мен баспагерлерді мемлекеттік қолдау негізінен оқулықтар мен әдебиеттерді басып шығаруға тапсырыс берумен ғана шектеліп отырғаны алаңдатады. Ведомстволық көзқарастар басым болып, ортақ мемлекеттік мүдде көрінбей кетеді.

Бүгінде дүкендерде кітап сөрелерінде ұлттық әдебиет пен кітаптар саны артқанымен, бұл жұмыс тым баяу жүргізілуде.

Сондықтан Мемлекет басшысының таяуда өткен Ұлттық құрылтайда осыған қатысты берген тапсырмасын негізге ала отырып, қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға кешенді түзету енгізу қажет деп санаймыз.

Бұл шара бірнеше бағытта дамуы керек деп ойлаймыз.

Бірінші. Отандық кітап басып шығару ісін субсидиялау форматын өзгерту.

Қолданыстағы форматтың әлсіз жақтары – субъективтілік, формалдылық, ал кейбір тұстары сыбайлас жемқорлықтың бар екенін көрсетеді. Жағдайды өзгерту үшін мемлекеттік тапсырысты Президент айтқан нақты ұлттық құндылықтар бойынша шығармалар әзірлеуге бағыттаған жөн.

Сапасы жоғары, сұранысқа ие контент жасай алатын авторлармен ұзақ мерзімді келісімшарттар қажет.

Екінші. Кітап индустриясы мен кітапқұмарлар қоғамының инфрақұрылымын қайта құру қажет.

Бұл ретте кітап индустриясының тиісті тізбектерін қайта құрған жөн. Ересектерге арналған мұндай тізбектер мынадай буындардан тұруы ықтимал – автор, әдеби агент, баспасөз, мемлекеттік тапсырыс немесе меценаттар, социология мен маркетинг, баспа, кітап дүкендері мен дүңгіршектер, оқырман.

Үшінші. Қалалар мен ауылдардың әлеуметтік-мәдени стандарттарын өзгертіп, оқырмандар мен тұрғындардың санына шаққандағы кітап дүкендері мен дүңгіршектердің, кітапханалардың стандарттық сандарын, қажетті көлемін анықтаудың маңызы зор.

Өкінішке қарай, ауыл түгілі қалаларда кітап дүкендері мен газет дүңгіршектері көзден ғайып болып кетті.

Сондықтан баспа өнімдерін, газет-журналдар сататын бірыңғай үлгідегі туристік дүңгіршектер желісін құру керек. Мысалы, мұндай жүйе Еуропа елдерінде, Әзербайжанда, Ресейде және басқа да елдерде орын алған.

Төртінші. Қарапайым қағаздан бастап полиграфиялық жабдыққа дейін импортқа 100 пайыз тәуелді кітап индустриясы мен газет индустриясы саласына экономикалық тұрғыдан ынталандыру қажет.

Салық реформасы аясында кітап пен газет шығарушыларды кемінде он жыл мерзімге салықтан босату керек. Мәселен, қосылған құн салығының нөлдік мөлшерлемесі ұлттық кітап шығаруды қолдаудың пәрменді шарасы ретінде 39 елде, оның ішінде Ұлыбританияда, Үндістанда, Бразилияда, Мексикада және басқа да елдерде қолданылады.

Бесінші. Авторлық сыйақы төлеу қағидаларын, оның мөлшері мен төлеу тәртібін әзірлеу және бекіту.

Бұл тұрғыда авторлық ұйымдармен, басқалармен тиісті жұмыс жасап, нақты заңнаманы қолға алу тиіспіз.

Алтыншы. Кітапқа деген қызығушылық отбасында қалыптасуға тиіс.

Әрбір үй көлік немесе гаджет санымен емес, кітап сөресінің ішіндегі кітаптармен мақтануы тиіс. Әрине, ата-ана ол жерде үлгі көрсетуі керек.

Біздіңше, баланың рухани әлемін байытатын құрал электрондық ойындар емес, кітаптар. Балаларға арналған дайджесттер, ғылыми-танымал журналдар мен сайттар ең алдымен қазақ тілінде шығарылуы тиіс.

Жетінші. Кітап оқу әдетін мектеп қабырғасынан бастап кету керек.

Негізгі әдеби шығармаларды оқу, олар бойынша түсінгенін айту, олар бойынша эссе жазу мектеп бағдарламасына қайтарылуы тиіс. Кітап және кітап оқу күндерін өткізу қажет. Бұл ата-ана мен бала арасындағы сенімді, түсіністікті арттырады. Ол өз кезегінде үй ішіндегі дүрбілжеңді, ажырасуды азайтып, отбасылық зорлық-зомбылықты тежеуі ықтимал.

Сегізінші. «Мектеп – кітапхана» желісі бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуге тиіс. Қазір мемлекет есебінен шығарылып жатқан кітаптар ол жаққа барып жатып қалмауы тиіс.

Жалпы айтқанда, Президентіміз қоғамда патриотизм, жасампаздық, заңға, аға буынға деген құрмет сияқты басқа да құндылықтарды қалыптастыру міндетін үнемі айтып келеді. Бұған көбіне кітап оқу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Барлық мемлекеттік органдар осыны қаперлеріне алулары қажет.

Кеңес заманында қазақ жазушыларының туындылары жүздеген мың тиражбен, ал ең танымал қазақ газет-журналдары 500-600 мың тиражбен тарайтын кезеңді де көрдік. Еліміз тәуелсіздігін алып, халық саны еселеп артқан заманда бұндай жағдай қайталанбайды дегеннің өзі асқан қателік. Бұған тек жүйелі, табанды жұмыс атқаруымыз шарт.

Жалпы алғанда, фракциямыздың депутаттары өз тарапынан қажетті заңнамалық шаралар арқылы отандық кітап шығаруды институционалдық тұрғыдан нығайту үшін Үкіметке жәрдем көрсетуге дайын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Иса Қазыбек Жарылқасынұлына беріледі.

ИСА Қ.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

«Ақ жолдың» сауалы Премьер-Министр Бектеновке.

«Әлемде жер көлемі ең үлкен, қуаты ең күшті және ең ұзақ алты ғасыр жасаған алып империя Алтын Орданың нағыз мұрагері ақордалы қазақ елі!

Алтын Орда астанасы Сарайшық жатқан Атыраудағы Құрылтайда Президент Тоқаев айтқандай, жер жүзіне «Алтын Орда» деген атпен танылған ең қуатты мемлекет Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толуы тойланатынын ел қуана қолдауда.

Қазақ халқы әлемді билеген қаһанның құрметіне ұлдарына Шыңғыс деп ат қойып, Алтын Орданың атасы, қазақ хандарының бабасы Жошы хан кесенесіне зиярат етіп, алыптар жайлы аңыздар мен күйлерді тыңдап өскен ел.

Алтын Орданың 750 жылдығы Қазақ елі тарихында тұңғыш рет 2019 жылы мемлекет басшысы Тоқаевтың бастамасымен тойланды. Бұған дейін Алтын Орданың да, Алаш Орданың да атын билік аузына алмайтын.

2019 жылы Ұлттық кеңестің алғашқы отырысында біз Алтын Орданың тойын Жошы Ұлысының 800 жылдығымен жалғастыру жайлы ұсыныс жасаған едік. Енді міне, Мемлекет басшысы Жошы ұлысының мерейлі белесін лайықты атап өтіп, елімізді әлемге таныту үшін Алтын Орда брендині толық пайдалану керектігіне баса назар аударды.

Иә, еліміздің әлемдік имиджін нығайту үшін Алтын Орда бренді кез келген ел қызығар таптырмас алтын қазына.

Қазақ жерінде жатқан Ұлық ұлыстың негізін қалаған ұлы хан Жошыға да, алып империяның астаналары Ұлытау мен Сарайшыққа да әлем назарын аударар кезең басталды. Осындай әлем тарихындағы салмағы орасан саңлақ тұлғалар мен тарихи маңызы зор қалалар егер өзге бір елдің еншісінде болса не болар еді? Шағын ғана Моңғолия Шыңғыс хан арқылы дүние жүзіне дүбірін танытып жатыр. Біз де Шыңғыс ханның алып ескерткішінен кем емес кемел ескерткіштер кешенін тұрғызуымыз қажет. Ол кешенде Жошы ханның да, оның әкесі Шыңғыс ханның да, ұлы Бату ханның да, шешесі, Шыңғыс ханның ең жақын кеңесшісі бола білген төрткүл дүниені билеген төрт ұлын туған қазақ қызы Бөрте ананың да ескерткіші тұруы керек. Ұлыстың ұлы билеушілерінің, батырлардың, асылдардың мүсіндерін қою керек.

Жошы ұлысының 800 жылдығын мерекелеу елдік маңызы ерекше зор рухани серпіліс болуы тиіс. Алтын Ордадан Алаш Ордаға дейінгі отаншылдық өр рух Азаттық алғанымызға отыз жылдан асса да әлі жолға қойылмаған ұлттық идеологиямыздың алтын өзегіне айналуы тиіс.

Алтын Орданың атасы Жошы хан құрған Ұлық ұлыстың 800 жылдық тойына мемлекет болуына осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы негіз болған, кезінде Алтын Ордаға салық төлеген бірқатар Еуразия мемлекеттері басшыларын шақыру керек. Сонда «қазақ елі болмаған» деп жүргендердің тарихи сауатын ашар тағылымды сабақ болады.

Алтын Орда империясы жаһанды қылышпен жауласа, мұрагері – Қазақ мемлекеті әлемді білім-ғылымымен, әдебиеті мен өнерімен жаулауы тиіс.

Ұсыныстар.

Алтын Орда тарихы, Жошы ханның ерекше тұлғасы туралы деректі және көркем фильмдер, сериалдар мен анимациялық туындылар түсіру керек.

Алтын Орда дәуірінің тарихи ескерткіштері Жошы хан кесенесі, Сарайшық қалашығы және «Қызыл оба» қорымын туристік орталықтарға айналдыру керек. Туристік инфрақұрылымды заман талабына лайықтау қажет.

Астанада Алтын Орда дәуірінің ұлы мұрасын айшықтайтын асқақтаған алып монумент тұрғызу керек.

Әдебиетіміз бен мәдениетімізде, бейнелеу өнерінде де Жошы хан мен Алтын Орда тарихы Тәуелсіз елдің ұстанымымен бейнеленуі керек.

Мектеп пен жоғары оқу орындарында Алтын Орда дәуірі бүгінгі күн талабымен оқылуы тиіс.

Біз бұл ұсыныстарымызды 2019 жылы да айтқан едік, тағы да қайталап отырмыз.

Құрметпен «Ақ жол» фракциясы мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Пономарев Сергей Михайловичке беріледі.

ПОНОМАРЕВ С.М. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Мой депутатский запрос адресован Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В.

«Уважаемый Роман Васильевич! Снова хочу поднять вопрос о вандализме. Общество обеспокоено повальной порчей того, что нас окружает. Информация о бесчинствах в городах напоминает фронтовые сводки. Молодые люди ломают сотнями скамейки, крушат урны, расписывают нецензурщиной не только фасады зданий, но даже монументы. Под одобрительный хохот курочат объекты целыми компаниями. Почему у этих ребят нет ничего святого? Особым шиком считается вывернуть качели на детских площадках и сломать баскетбольные кольца на спортивных. Вандализм разрушает общественные ценности.

На Национальном курултае Президент Касым-Жомарт Токаев остро обнажил эту проблему: «Только взгляните на Жумбактас в Бурабае, Кемпиртас в Баянауле, неповторимую красоту затмевают различные надписи. Зачем нужно разрушать лифты в жилых домах, детские площадки во дворах, остановки на улицах? Все это свидетельствует о невоспитанности и бескультурье».

Считаю, что нужно начинать с себя, почистить свой двор, отремонтировать лавочки, навести порядок под окнами (мотивация молодежи начинается с собственного примера), а замеченные случаи вандализма в городах молниеносно выкладывать в социальные сети для реагирования полиции и общественного порицания. Это сегодня один из самых мощных инструментов».

Коллеги, сейчас я делаю свой запрос, а на территории Жетысу гремят взрывы, близ города Талдыкоргана целенаправленно уничтожаются оставшиеся курганы с древними петроглифами ради строительного камня. Компания «Энергострой» предупредила население о взрывных работах для взрыхления горных пород на горе петроглифов «Черепашка».

Мы писали об этом, но на наш депутатский запрос получили ответ, больше похожий на отписку: «Ежегодно проводится около 10 тысяч мероприятий, направленных на предотвращение вандализма», а о взрывниках петроглифов и «черных» копателях с металлоискателями нет ни слова. Хотя мы также писали, что после бездумного рытья золотодобытчиков рушатся фундаменты вековых некрополей.

«Глава государства потребовал навести порядок в лицензировании раскопок и в псевдозаключениях ученых, дающих разрешение на строительство в местах памятников истории.

Мы усилили ответственность за вандализм и порчу имущества. Увы, результатов не очень много. О штрафах либо не знают, либо они никого не пугают. А ведь вандализм – это не только административные и уголовные наказания, это удар по прошлому Великой степи, зачастую других исторических источников у кочевой цивилизации нет. Уничтожение уникальных артефактов сегодня ведет к потере идентичности потомков, поэтому решать проблему надо немедленно и на деле.

На основании вышеизложенного предлагаю:

1) Правительству взять под особый контроль исполнение законодательства по сохранности историко-культурных объектов, законодательно расширить полномочия инспекторов центров исследования, реставрации и охраны культурного наследия. Усилить просветительскую работу против вандализма освещением в социальных сетях;

2) МВД совместно с акиматами установить 28 тысяч запланированных камер видеонаблюдения, в том числе на объектах исторического, культурного и природного наследия Казахстана;

3) запретить металлоискатели для археологов-любителей, ввести лицензирование на этот вид деятельности, ужесточить ответственность за разрушение памятников историко-культурного наследия».

Мои коллеги Едил Жаңбыршин и Айдос Сарым сейчас говорили о том, что мы должны стать помнящей историю нацией, самой читающей нацией. Добавлю, что наша задача – сделать Казахстан нацией высокой культуры.

«И еще раз цитата Президента: «Каждый гражданин цивилизованной страны должен защищать общественное имущество, как свое собственное. В этом плане для многих показательны примеры Японии, Южной Кореи, Китая, Сингапура. Почему мы должны быть хуже других?

Предлагаю объединиться вокруг идеи Президента об ответственном гражданине – Адал азамат.

С уважением, член фракции партии «AMANAT» С. Пономарев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әбіл Еркін Аманжолұлына беріледі.

ӘБІЛ Е.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің депутаттық сауалым Премьер-Министр Бектенов мырзаға.

Әріптесім Абзал Темірғалиұлының сауалының жалғасы деп есептеуге болады.

«Уважаемый Олжас Абаевич! На третьем заседании Национального курултая, прошедшего в Атырау, Глава государства особо остановился на вопросе совершенствования государственных символов. Президент совершенно справедливо отметил, что они являются зримым воплощением нашей национальной идентичности.

По сути, государственный герб – это визуализированный символ независимости, именно поэтому Глава государства предложил подумать над возможностью его

модернизации. В социальных сетях уже началось стихийное обсуждение этой инициативы, высказываются различные точки зрения, порой совершенно противоположные.

Если подходить объективно, то в наш герб уже несколько раз вносились изменения, целых пять раз, хоть и незначительно, но менялись цвет, оттенки, формы и надпись.

Первый стандарт вышел в 1992 году, затем были изменения в 1996, в 2008, в 2014 годах, наконец, в 2018 году было изменено написание названия страны, вместо прежнего кириллического написания «Қазақстан» используется латинизированное «Qazaqstan».

Необходимо ввести ведущуюся сейчас в социальных сетях стихийную дискуссию в цивилизованное русло, дать возможность аргументированно высказаться всем сторонам, обсудить все возможные плюсы и потенциальные минусы, включая расчет возможных бюджетных расходов, о которых сейчас все говорят.

Государственный герб должен быть простым и понятным не только для казахстанца, но и для любого иностранца, воплощать в себе уважение к историческому прошлому и устремленность нашего народа в будущее. Если мы хотим, чтобы восприятие Золотой орды в мире было непосредственно связано именно с Казахстаном, следует подумать над отражением этого факта в государственной символике.

В государственном гербе действительно отсутствует по-настоящему историческая преемственность, не имеет места олицетворение Казахстана как независимого национального государства. Действующий государственный герб композиционно не отличается от герба Казахской ССР, это необходимо признать, в котором вместо колосьев – крылья тулпара, вместо серпа и молота – шанырак, а вместо надписи «КазССР» надпись «Qazaqstan». Пятиконечная звезда осталась без изменения, но придали ей другое символическое значение.

Нам необходимо детально изучить опыт формирования гербов в странах, которые входили в социалистический блок. Кроме того, полезно будет посмотреть на формирование государственной символики в азиатском регионе в целом с точки зрения осмысления своей истории и формирования национальных целей в будущем. При этом нельзя упускать из виду, что в современной геральдике нет определенных правил и шаблонов на этот счет, есть страны, вообще не имеющие герба, поэтому при обсуждении важен голос специалистов по геральдике и истории.

Предлагаем Правительству:

1) создать площадку для обсуждения идеи модернизации государственных символов, куда должны войти общественные деятели, специалисты по геральдике. Данная площадка должна стать пространством для дискуссии на данную тему и наконец привести к общему знаменателю;

2) подготовить все необходимые материалы по модернизации государственной символики для обсуждения на площадке, в том числе обеспечить полными данными по всем расходам, которые будет включать в себя процесс возможной смены герба.

Парламентская фракция партии «AMANAT», осознавая свою ответственность в процессе формирования общенациональной идентичности, готова совместно с Правительством провести работу по организации обсуждения вопросов совершенствования государственной символики.

С уважением, депутаты фракции партии «AMANAT».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлына беріледі.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновке.

«Бүгінгі депутаттық сауалым Қазақстан деген алып мемлекетте қатарынан қалып, ырзығынан қағылып, теңгеден таршылық көрген саланың сөзі. Ол – ғылым.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда: «Біз қоғамда білімпаздықты дәріптеуге, білім және ғылым саласын дамытуға баса мән беріп келеміз», – деді.

Рас. Себебі қазір дөңгеленген дүниеде ғылымы дамыған елдер ғана топ жарып, экономикасы қарыштап дамып, қажет десеңіз жаңа технологиямен адамзатты айға тасуға тырысып жатыр. Ал біздегі жағдай қалай?

Қазақта «Ғылым – теңіз, білім – қайық» деген қанатты сөз бар. Бірақ біздегі бүгінгі байламмен қарасақ, теңіміз тартылып, қайғымыз қайраңға шығып қалды. Себебі отандық ғылымға бөлінетін қаражат «жетім қыздың жүгіндей» болып тұр.

Әлем келесі кезекте ғылымның қай саласында тыңнан түрен саламыз, қай биікті бағындырамыз деп жүргенде біз ғылымға ақшаны қайдан табамыз деп түбі тесік қалтамызды түрткілеп отырмыз. Содан кейін елден ақылды бастар кетіп жатыр деп сан соғатынымыз және бар.

Ғылымға жауаптылардың «жалпы ішкі өнімнің кем дегенде 1 пайызы ғылыми зерттеулер мен өндіріске жұмсалса» деп жақ сауып айтып жүргеніне талай жылдың жүзі болды. Бірақ «айтқанның аузы жаман, жылағанның көзі жаман» дегендей, ғылым жыл сайын тек бюджетке қол жаюға мәжбүр.

Биыл республикалық бюджеттен ғылымды қаржыландыруға 204 миллиард теңге қарастырылған. Бұл сома 2025 жылы 242,6 миллиард теңгеге, 2026 жылы 259,5 миллиард теңгеге жетеді. Бір елдің ғылымын аяққа тұрғызып, дамыту үшін бұл қаржы жеткіліксіз. Дегенмен онсыз да ішер ас, киер киімге жарымай, жұмыссыздықтан қиналып жүрген жұрттың аузынан артық ақшаны жырып алу мүмкін емес, оған ешкімнің құқығы да жоқ!

Бұл мәселені шешудің, онсызда зіл батпан жүктемесі бар бюджетке артық салмақ салмаудың бір тәсілі бар, ол талап заңда тайға таңба басқандай жазылған. Яки Қазақстанның жерасты байлығын қалағанынша игеріп, қисапсыз қаржы тауып отырған компаниялар соның 1 пайызын ғылымды дамытуға беруі тиіс. Заңда солай көрсетілген. Бар болғаны 1 пайызын ғана.

Бірақ сол талаптың өзін көкпарға салған алып компаниялар ақырында отандық ғылымды бюджетке мөлітіп қойды.

Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің бірінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жер қойнауын пайдаланушылардың өндіріске жұмсайтын қаржысының 1 пайызын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға міндетті инвестиция ретінде құюына айрықша назар аудару қажет. Бұл ретте өндіруші компаниялардың аталған шығындарын орталықтандыруды жалғастыру керек» – деді. Алайда қазақтың жеріндегі байлықты барынша қазып отырған жер қойнауын

пайдаланушы компаниялардың сол 1 пайыз қаржысын ғылымға жолдап жатқаны жөнінде ашық ақпарат жоқ. Ғылымның нақты қай саласына қаржылық қолдау көрсетілгені туралы да анық дерек жоқ.

«Жер қойнауын пайдалану қай компания ғылымның қай саласына қанша ақша салды?» деген нақты сұраққа салаға жауапты министрлік өкілдерінің де нақты жауап бере алмағанын осы залда бәріміз көрдік.

Қазақтың жеріндегі байлықты білгенінше игеріп, қымбатшылықтан зәрезап болған қазақ халқының ғылымын дамытуға ақшасының 1 пайызын қимай, заңды тиісінше орындамай отырған компанияларды қатаң тәртіпке шақыратын кез келді.

Осы тұрғыда келесідей ұсыныстар бар.

Бірінші. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың бүгінге дейін ғылымға нақты қанша қаржы бөлгенін, оның қайда жұмсалғанын қатаң тексеру керек.

Екінші. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялар ғылымға деп бөлген 1 пайыз қаражатқа жасалатын ғылыми жобаларға арнайы ашық байқау жариялауы тиіс. Қай жобаның ұтқаны, оған қанша теңге аударылғаны анық көрсетілуі қажет.

Үшінші. 1 пайыздық межені орындамаған компанияларға заңға сәйкес шара қолдану керек.

Төртінші. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялар ғылымға деп бөлген қаржыны орталықтандырудың тетігін іздеу керек. Сол үшін арнайы қор құрып, ғылымды қолдауға арналған қаражаттың барлығы соның қамбасына аударылуы тиіс. Бұл қордың жұмысын тәуелсіз комиссия бақылау керек. Оның құрамына қоғам белсенділері міндетті түрде кіруі қажет.

Осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап күтемін.

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі депутат Н. Сәрсенғалиев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Байтілесов Нұрсұлтан Төленұлына беріледі.

БАЙТІЛЕСОВ Н.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Дүйсеноваға.

«Құрметті Тамара Босымбекқызы! Президент Атыраудағы Ұлттық құрылтайда ұлтымызға қауіп төндіретін, жастарымызды құрдымға апаратын бірнеше қоғамдық кеселге тоқталды. Оның ішінде өзекті мәселелердің бірі – лудомания мен синтетикалық наркотик. Мемлекет басшысы бұл жайында: «Шын мәнінде лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Біз нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресу үшін кешенді жоспар қабылдадық. Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажет», – деп нақты тапсырма берді.

Былыр Президент Қауіпсіздік Кеңесінің жиынында да лудоманияның қарқынын тежеуді тапсырған еді.

Шынында да, бұл қоғамдық дерт қаншама жанды қиын жағдайға душар етіп, шаңырағын шайқалтты. Құмар ойынға адасқан талай азамат қарызға батты, заң бұзып,

қылмысқа ұрынды. Тығырыққа тіреліп, өзіне-өзі қол жұмсағандар саны да, өкінішке қарай, өршіп барады.

Осыны ескеріп, әріптестеріміз бұл мәселеге заң жүзінде тосқауыл қою туралы айтып келе жатқанына біраз болды.

Заң жобасында құмар ойын ойнайтындарды 25 жасқа дейін шектеуді, шетелдік ұйымдастырушылардың заңсыз қызметінде қаржы операцияларына тыйым салуды, бұқаралық ақпарат құралдарында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына тыйым салуды және тағы басқа өзгерістер енгізуді жоспарладық.

Өкінішке қарай, қазір лотерея терминалдары OLX және басқа маркетплейстерде еркін сатылып жатыр. Осы аппараттарды сатып алып, тұрғын үйлердің астындағы дүкендерде заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырып, сотталып жатқан азаматтар да жетерлік. Яғни, біз бюрократиямен айналысып, жоспар құрып, оны орындауға кіріскенше бұл қоғамдық дерт өршіп жатыр. Бұған қоғам болып тосқауыл қоятын уақыт келді. Бұл дертпен барлық қоғамдық, саяси, креативті индустрия, басқа да күштерімізді жұмылдыра отырып салауатты өмір салтын мейнстримге айналдыруымыз қажет.

Ел азаматтарының зиянды әдетке бой алдыруының алдын алып, қоғамды қатерлі дерттен айықтыру үшін жан-жақты шаралар тез арада қабылдануы қажет.

Бұнымен қоса тағы бір алаңдатарлық мәселе – өршіп кеткен есірткі өндірісі мен саудасы.

Елімізде тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыстық іс тіркеліп, заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды. Бұл дабыл қағарлық жағдай.

Сондықтан Президент: «Есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын», – деді.

Бұл індет бізге сырттан келгені анық. Халықаралық тәжірибені пысықтап, ең үздік жолдарын қолдануымыз қажет. Құқық қорғау органдары бұл үрдісті қатаң бақылап, тек жаза қолданып қана емес, профилактикалық шараларды көптеп енгізуі қажет деп санаймыз.

Қазіргі уақытта есірткі бизнесінің жаңа көріністеріне қарсы күресті күшейтуге Мәжіліс есірткі жасау үшін пайдаланылатын заттар мен жабдықтардың елдегі заңсыз айналымы үшін жауапкершілікті қатаңдатуды көздейтін заң жобасын қабылдауға дайын екенін мәлімдейміз.

Президентіміздің аталған қоғамды улайтын кеселдермен күресу бойынша бастамасын барлық әріптестерімді қолдауға шақырамын. Өйткені мен сот саласындағы жұмыс тәжірибемде осындай індеттерге душар болған отбасылардың зарын өз көзіммен көрдім.

Бірінші кезекте жас отбасылардың ажырасуының, кішкентай сәбилердің тірі жетім болып қалуының, жас лудомандардың ата-аналарын белшеден қарызға батыруының, суицидке баруының негізгі себептерінің бірі осы проблемалар.

Осы айтылғандарды ескере отырып, Үкіметке аталған мәселелер бойынша Президенттің бір емес, бірнеше рет Ұлттық құрылтайда, Қауіпсіздік Кеңесте, ресми жиындарда берген тапсырмаларын бірігіп шұғыл іске асыру қажеттілігіне назарларын аударамыз.

Құрметпен «AMANAT» фракциясының мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Садықов Асқар Аманбайұлына беріледі.

САДЫҚОВ А.А. Рақмет, құрметті Төраға.

Депутатский запрос фракции «Ақ жол» адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А., Генеральному прокурору Республики Казахстан Асылуову Б.Н.

«Демпартия «Ақ жол» с 2017 года неоднократно поднимала проблему незаконного захвата АО «ЦТС» подъездных путей, принадлежавших КТЖ и частным предприятиям. Только в 2020 году, после прямого поручения Президента Токаева разобраться с проблемой «последнего километра», объекты были возвращены АО «КТЖ», а частным компаниям возврат путей начался лишь после наших повторных депутатских запросов.

Но сегодня данный вопрос получил новый виток, когда железнодорожные пути частных предприятий могут быть незаконно захвачены теперь со стороны КТЖ.

С такой проблемой в Демпартию «Ақ жол» обратилось АО «Каскор-Транссервис» из Мангистау.

На балансе компании имеется более 150 километров подъездных путей, 54 станционных путей, локомотивное депо, депо по ремонту вагонного парка, колесно-роликовый цех, поверочная лаборатория, 14 единиц локомотивов. Все имеющиеся пути и сооружения изначально были построены АО «Каскор-Транссервис» за счет частных инвестиций и исторически никогда не принадлежали КТЖ.

Вместе с тем Министерством транспорта внесены изменения в приказ от 23 февраля 2015 №144 «Об утверждении Перечня магистральных путей, входящих в магистральную железнодорожную сеть», согласно которым три ветки подъездных путей АО «Каскор-Транссервис» отнесены к магистральным путям, поэтому должны быть переданы в КТЖ.

Помимо посягательства на законную частную собственность предприятия и нанесение ему прямого ущерба, такое решение нарушает статью (подпункт 39) Закона «О железнодорожном транспорте», где дано определение магистральных путей, которое, в принципе, не затрагивает подъездные пути. Более того, подъездные пути АО «Каскор-Транссервис» даже не примыкают ни к магистральным, ни к станционным путям КТЖ, тогда как магистраль потому так и называется, что должна являться основной линией, связывающей все части сети.

Необходимо учитывать, что изъятие подъездных путей у АО «Каскор-Транссервис» не вызвано и интересами контрагентов, так как более 70 процентов тарифов компании регулируются государством, а нерегулируемые тарифы идентичны тарифам АО «КТЖ».

Единственной целью таких манипуляций госоргана может быть только обоснование для рейдерского захвата объектов частной компании в интересах «КТЖ», возможно, и последующей приватизацией третьим лицом. И прикрытием здесь выступают псевдогосударственные интересы в силу статуса национальной компании «КТЖ».

Нужно также учитывать, что признание этих подъездных путей магистральными неминуемо парализует работу более 200 ветевладельцев, примыкающих к путям АО «Каскор-Транссервис», так как маневровым тепловозам запрещено передвигаться по магистральным путям, что приведет к невозможности подачи и уборки вагонов на предприятия.

Как указывают предприниматели, вопрос об отнесении их подъездных путей к магистральным обсуждался Министерством транспорта и АО «КТЖ» на протяжении полутора лет, однако все переговоры осуществлялись за спинами собственников указанных путей без их участия.

Считаем, что захват имущества частного бизнеса под видом изменения статуса путей грубо попирает статью 6 Конституции Республики, гарантирующую равноправие и равную защиту государственной и частной собственности.

На основании изложенного депутатская фракция «Ак жол» требует принять меры по защите интересов частного бизнеса и не допустить рейдерского захвата законного имущества компании.

С уважением, депутаты фракции ДПК «Ак жол» А. Садыков, А. Перуашев, Д. Еспаева, Қ. Иса, Е. Барлыбаев, Е. Бейсенбаев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сейтжан Кенжеғұл Социалұлына беріледі.

СЕЙТЖАН К.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Бүгінгі біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Балаеваға жолданады.

«Құрметті Аида Ғалымқызы! Біздің елімізде 66 театр және басқа да мәдениет ұйымдары бар. Бірақ осы мәдениет ұйымдары жергілікті жерлерде жоқ, барының мемлекеттік деңгейлі атауы жоқ.

Екінші мәселе. Инклюзивті театр жоқ. Үш-ақ театр бар, оның өзінде олардың ресми мәртебесі жоқ және олар демеушілер арқылы қаржыландырылып отыр. Осыған байланысты біздің бірнеше ұсынысымыз бар.

Жергілікті жердегі театрлардың мәртебесін мемлекеттік деңгейге көтеру керек. Одан кейін арнайы заңмен бекітіп, инклюзивті театрды, инклюзивті актерлерді бекіту және оларға мәртебе беруді қарастыру керек. Себебі мүгедектігі бар азаматтар да театр актері болғысы келеді.

Депутаттық сауалымызға ресми түрде жауап берулеріңізді сұраймын».

Құрметті әріптестер, мүгедектігі бар азаматтардың да инклюзивті театрға қатыса алатынының дәлелі ретінде бір шумақ өлең оқуға рұқсат етіңіздер.

«Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген.

Жөргегімде таныстым мұң тілімен

Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді, айта бергім».

Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қошмамбетов Айтуар Асқарұлына беріледі.

ҚОШМАМБЕТОВ А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Абайұлы Бектеновке жолданады.

«Қазақстанда квазимемлекеттік секторға қарайтын 6 мыңға жуық кәсіпорын бар, оларда 300 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Мемлекет экономиканың 30 секторының 20-сына қатысады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мемлекеттерінде орташа көрсеткіш 13 секторды құрайды.

Қазақстанда Yellow Pages қағидаттары сақталмайды. Бұл жеке кәсіпкерліктің дамуына кері әсер етеді, инновацияларды тежейді және еңбек өнімділігінің өсімін төмендетеді. Нәтижесінде болашақта экономиканың дамуын бәсеңдетіледі.

Бүгінгі күнге дейін мемлекеттік автобус парктері, микроқаржы ұйымдары, аумақтарды тазалау және абаттандыру ұйымдары, қона құйлер мен санаторийлер, күзет агенттіктері бар. Олар өз қызметіне тікелей тапсырыстар мен субсидиялар алады.

Мысалы, 2024 жылы «Қызылорда электр желісін тарату компаниясы» коммуналдық кәсіпорны құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу шеңберінде жеке бәсекелестік бола тұра 1 миллиард теңгеден астам сомаға 300 келісімшарт алған. «Алматыэлектротранс» Алматы қаласы әкімдігінің коммуналдық кәсіпорны 2018 – 2023 жылдары аралығында бюджеттен 378 миллиард теңге көлемінде субсидия және көмек алды. Қаржы лизингі нарығының 95 пайызы екі квазимемлекеттік ұйымға тиесілі.

Қазақстан жаппай жеке кәсіпкерлікті дамыту жолымен жүріп жатыр ма әлде біз мемлекеттік капитализмді құруды жалғастыра береміз бе? Осы сұраққа нақты шешім табу керек.

Нарықтық экономика мемлекет жеке бизнеспен бәсекелесуді тоқтатқан жағдайда ғана мүмкін болады.

«Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық баяндама және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі №654 қаулысымен бекітілген құжат орындалмады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің аталған 2022 жылғы 6 қыркүйектегі №654 қаулысымен бекітілген квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға кірісуді;

2) жұмыс істеп тұрған мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік компанияларға толық ревизия және талдау жүргізуді, олардың мақсаттары мен міндеттерін қайта қарауды, біртекті квазимемлекеттік компанияларды реформалап, біріктіруді, қайталанатындарын жоюды;

3) мемлекеттік кәсіпорындар мен квазимемлекеттік компаниялар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін қайта қарауды, жеке баламалар болмаған кезде мемлекеттің тек әлеуметтік объектілерге (денсаулық сақтау, коммуналдық қызметтер) және стратегиялық объектілерге (инфрақұрылымдық объектілер, энергетика, көлік объектілері) қатысу мүмкіндігін қалдыруды, барлық басқа объектілерді жекешелендіру жоспарына енгізуді;

4) осы қызметті цифрландыру және оларды жариялау арқылы жекешелендіру рәсімінің толық ашықтығын қамтамасыз етуді;

5) квазимемлекеттік компаниялардың қызметінде корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін қолдануды, квазимемлекеттік компаниялардың басқарушы органдары басшыларының конкурстық іріктеуінің, сыйақысының және есептілігінің нақты критерийлерін бекітуді, тиісті ассоциация негізінде квазимемлекеттік компаниялар үшін тәуелсіз директорлар тізілімін құруды ұсынамыз.

Құрметпен «Respublica» партиясы фракциясының депутаттары».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Саурықов Ерболат Байұзақұлына беріледі.

САУРЫҚОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Склярға.

«Құрметті Роман Васильевич! Әлемдік экономиканың негізгі бір бөлігін құрайтын туризм саласы. Дүниежүзілік туризм ұйымының деректері бойынша, туризм әлемнің жалпыұлттық өнімінің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын құрайды. Туризмнен түскен табыс мұнай өнімдері мен автокөлік экспорты табысынан кейін тұрақты үшінші орынды иеленген.

Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Жамбыл облысының даму жоспарында туризмді дамытуға басты назар аударылу керек деп есептеймін. Осы саланы дамыту арқылы облысқа қосымша инвестициялар тарту мүмкіндіктері пайда болатыны белгілі. Өкінішке қарай, туризмге байланысты көп мәселелер әлі де шешімін таппай отыр. Соның біреуі Жуалы ауданындағы «Қаралма» тау шаңғы туризм кешені.

Мендегі мәліметтер бойынша, аталған жоба 2018 жылы сол кездегі облыс басшысы Асқар Исабекұлы Мырзахметовтің ұсынысымен басталған. Жамбыл облысының жұртшылығы бұл ұсынысты қуана мақұлдады.

Бұл жобаның инвесторы «ТаразСтрой-2004» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Сол уақыттағы сметасы 6,3 миллиард теңге. Кешен құрылысы 2018 жылдың тамызынан басталған. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдың бірінші тоқсанында жоба бастаушысының жеке қаражатының тапшылығына байланысты тоқтады. Бүгінгі күні уақыттың созылуына байланысты жобаның құны қайта есептеліп, 7,9 миллиард теңгені құрап отыр. Осы күнге дейін игерілген сомма 4,8 миллиард. Кешеннің құрылысын толық аяқтау үшін 3,1 миллиард теңге қажет.

Инфрақұрылым жобалары бойынша «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік көлік дәлізінен тау етегіне дейінгі 7 шақырым асфальтталған жол жүргізілген, газбен, электр жүйесімен қамтамасыз етілген. Тау шаңғысы кешендегі арқан жолының құрылысы, ішкі аландарды абаттандыру жұмыстары, кірме жол, мейрамхана, сервис орталығы, техникалық бокс және өзге қажеттіліктер шамамен 80-85 пайызы аяқталған. Мемлекет тарапынан «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы арқылы 542 миллион 600 мың теңгеге ауызсу мен кәріз жүйесі тартылған. Сол сияқты саяхаттаушылар мен демалушыларға және шаңғы тебушілерге арналған жекелеген инвесторлардың тарапынан 20 коттедждің құрылысы 70-80 пайызы аяқталған. Бұл жерге 1 миллион 100 мың халқы бар Жамбыл облысы және

іргелес жатқан 300 мыңнан астам халқы бар Оңтүстік Қазақстан облысының екі ауданы жақын.

Жоба басталғалы бері Жамбыл облысында бүгінгі күнге дейін төртінші әкім қызмет жасап жатыр. Осыдан кейін баршамызда мынандай сауал туындайды. Жеке инвестордың қаражатымен халық игілігі үшін басталған осындай іргелі жобалар неге аяқсыз қалады? Кім кінәлі? Жүйе ме, әлде бір әкімнің ұсынысын екінші әкім жалғастырғысы келмейтіндігінде ме? Не үшін жанымызда тау шаңғы комплексі тұрғанда елдер сабылып 500 шақырым жердегі саяхат орнына бару қажет? Қарапайым халықтың қалтасы бағасы шарықтаған Шымбұлақ пен Ақбұлақты қалай көтереді? Жергілікті басшылар немесе Туризм және спорт министрі неге осыны ойламайды?

Құрметті Роман Васильевич! Аталған мәселеге бес жылдан астам уақыт өтті. Шешімін таппағаннан кейін сізге депутаттық сауал жолдауға тура келді.

Бірінші. «Қаралма» туристік тау шаңғы кешенінің жұмысын жандандыру үшін жобаның аяқталуына ықпал жасап және инвесторға жағдай жасау үшін Туризм және спорт министрі мен облыс басшысына тез арада шешудің жолдарын қарастыруды тапсыруыңызды сұраймын.

Екінші. Мемлекеттік жекеменшік серіктестігі бағытында шешудің жолдарын қарастырып, болмаған жағдайда инвестордан мемлекетке сатып алу мәселесін қарастырған дұрыс деп есептеймін.

Құрметпен Мәжіліс депутаттары Е. Саурықов, М. Ескендіров, Г. Нұрымова, Ж. Дайрабаев, А. Баққожаев, Қ. Абден, Н. Арсютин, А. Зейнуллин, Т. Серіков». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектеновке.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Атырауда өткен төртінші Ұлттық құрылтайда «Баспана – жұрттың тұрмыс сапасын танытатын тағы бір маңызды көрсеткіш. Биыл 1 наурыздан бастап іске қосылған «Отау» ипотекалық бағдарламасы ел ішінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Бұған қоса ауыл және аудан орталығының тұрғындарына арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасын қолға алу керек. Бұл ретте әлеуметтік тұрғыда осал топтағы жандар үшін несие өсімі 7 пайыздан аспауы қажет», – деп баспанамен қамтудың жаңа міндеттерін айқындаған болатын.

Сонымен қатар сатып алу құқығымен жалға берілетін баспана санын бірнеше есе көбейтуді де Үкіметке тапсырды. Жеңілдетілген жаңа ипотеканы енгізуді және жалға берілетін тұрғын үйдің көптеп салынуын азаматтар күтіп отырғандығы баршамызға белгілі.

Осы орайда «AMANAT» партиясының депутаттары мұғалімдер, дәрігерлер, кіші және орта медицина персоналы, білім саласының қосалқы мамандары, кітапханашылар, мемлекеттік қызметкерлерді осы тұрғын үймен қамту мәселесін қарастыруды ұсынамыз.

Мұғалімдер мен дәрігерлер үшін бастапқы жарнасыз сатып алу мүмкіндігі бар арендалық тұрғын үй ипотекалық бағдарламасының енгізілуі, қоғамда осы мамандықтарды әлеуметтік қолдауды күшейту жолындағы стратегиялық маңызды қадамы болар еді.

Бүгінгі күні ипотеканы беретін екінші деңгейлердегі банктер негізгі шарт ретінде бастапқы төлемақыны сұрайды. Оның мөлшері 20 пайыздан жоғары, көбіне сатып алуға жоспарланған үйдің бағасының 50 пайызын талап етеді. Банктердің сыйақы мөлшерлері қолжетімділік тұрғысынан тіпті бөлек проблема екендігін атап өткен жөн. Біз айтып отырған мамандардың жалақыларының мөлшері қазіргі нарықтағы үйді бірден сатып алуы үшін бірнеше жылдар бойы қаражат жинауды қажет етеді, бұл көп жағдайда уақытты қажет етеді және қолжетімсіз.

Шынайы қарасақ, атаулы санаттағы қызметкерлер тұрақты кірістері бар және соңғы кездері айлық жалақылары тұрақты өсіп келеді. Мемлекетке өз кірістерінің есебінен тиісті салықтарын төлеп тұрған заңға бағынған азаматтар. Олар ипотека арқылы тұрғын үй алған жағдайда ай сайынғы төлемдерді төлеп тұруға қауқары бар мамандар. Олардың мемлекетіміздің, халықтың әл-ауқатын арттыруға, тәрбие-білімін, денсаулығын жақсартуға жасап жатқан жеке үлестері де зор. Осының бәрін ескеріп, бұл санаттағы азаматтарға жақын арада бастапқы төлемақысыз арнайы ипотекалық бағдарлама қарастыруды ұсынамыз.

Мемлекет басшысы Үкіметке бұл мәселені егжей-тегжейлі нақты тапсырған болатын.

Қажет болған жағдайда біз, аманаттық депутаттар, жұмыс тобына кіріп, Үкіметпен бірге бұл мәселені түбегейлі қарауға дайынбыз. Өз кезегінде бұл кезек күттірмейтін өзекті мәселе деп білеміз.

Құрметпен «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары».

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, өздеріңіз білесіздер, жуырда ғана Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтті. Онда Мемлекет басшысы еліміздің рухани, идеологиялық, сонымен қатар халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық бағдарын айқындап берді.

Президенттің көтерген келелі мәселелері мен сөйлеген сөзін бағдарламалық құжат ретінде қабылдауға болады.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өзекті проблемаларға тоқталып, оларды шешудің стратегиялық және шұғыл тәсілдерін атап көрсетті. Соның ішінде депутаттарға да бірқатар міндет жүктелді. Біз енді солардың бәрін орындауға жедел кірісуіміз қажет.

Бүгінгі депутаттық сауалдар Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзіне көрсетілген нақты қуатты қолдау деп ойлаймын.

Аталған мәселелер Парламенттің ресми мінберіне көтеріліп, нақты іске асырылатын болады, яғни олардың негізінде Парламент бірқатар заң жобасын қабылдауға тиіс. Мәселен, бүгін біз лудоманиямен күресуге бағытталған заң жобасын жұмысқа алдық. Бұл құжат депутаттардың бастамашылығымен әзірленді. Оны осы сессияның аяғына дейін қабылдауымыз қажет. Бұл Президенттің тікелей тапсырмасы.

Соңғы кездері есірткі саудасы өзекті әлеуметтік проблемаға айналууда. Депутаттар осы мәселені шешуге бағытталған жұмыстың бел ортасында жүруге тиіс. Есірткі өндірісімен айналысқаны үшін жауапкершілікті күшейтіп, оны аса ауыр қылмыстармен теңестіруіміз қажет.

Тағы бір маңызды жайт – Мәжіліс қабырғасында бірнеше рет көтерілген вандализм мәселесі. Оның да кез келген түрі үшін жауаптылықты заңнама деңгейінде қатайту керек.

Дін мәселесі де аса өзекті. Осы саланы реттеудің құқықтық негізін дәстүрлі әдет-ғұрпымыз бен құндылықтарымызға, зайырлы мемлекет қағидаттарына сүйене отырып қайта қарауымыз қажет.

Сонымен қоса археология, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік наградалар саласындағы заңнаманы жетілдіру жұмысы да бізді күтіп тұр. Мәселен, кейінгі күндері қоғам қызу талқылап жатқан Герб мәселесі өзекті болып отыр. Шынтуайтында, аталған мәселенің талқыға түсуі – қоғамдағы пікір алуандығының нақты көрінісі.

Қолданыстағы Гербтің бейнесіне байланысты жастар, қоғам белсенділері тарапынан көтерілген ұсынысқа Президентіміз Құрылтайда өз пікірін білдіріп, ортақ байыпты шешімге келуге шақырды.

Мемлекет басшысы осылай Герб мәселесін ашық талқылауға шақырып отыр. Бұл ретте жалпы жұртшылықпен бірге мемлекеттік символиканы зерттеп жүрген геральдика саласының кәсіпқой мамандарының ұсыныстары жете талқылануы қажет.

Біздің Герб сан ғасырлық тарихымызды таңбалайтын, мемлекеттің айбынын асыратын, халқымыздың асқақ рухын айқындайтын, айшықтайтын негізгі символ болуы тиіс. Ең бастысы еліміздің болашаққа ұмтылысын бейнелейтін бірегей атрибутына айналуы тиіс. Бұл, әрине, қоғам мен арнаулы комиссияның құзыретіндегі мәселе.

Әріптестер, Президент белгілеп берген бағыт-бағдар бәріңізге түсінікті деп ойлаймын. Сондықтан Ұлттық құрылтайда көтерілген маңызды мәселелер жөнінде парламенттік тыңдау өткізуіміз қажет деп санаймын. Себебі келелі жиында айтылған нақты ұсыныстарды орындау бойынша мақсат-міндеттерімізді бірге айқындауымыз қажет.

Құрметті әріптестер, бүгінгі отырысымыз ұлыстың ұлы күні қарсаңында өтіп жатыр. Баршаңызды келе жатқан Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Өз Наурыз елімізге, халқымызға жақсылық, молшылық, әр отбасына, әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Осымен Мәжілістің жалпы отырысын жабық деп жариялаймын. Рақмет сіздерге.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Е. ҚОШАНОВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ
2024 жылғы 20 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам игорного бизнеса, лотерей и лотерейной деятельности»

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде

О подготовке заключения по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях»

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы
А.Қ. АЙМАҒАМБЕТОВТІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по социально-культурному развитию
АЙМАҒАМБЕТОВА А.Қ. 1

«Қазақстан Республикасындағы адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О противодействии торговле людьми в Республике Казахстан» (первое чтение)

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия торговле людьми» (первое чтение)

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении дополнений в Кодекс

Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам противодействия торговле людьми» (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Е.С. СӘДЕНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра внутренних дел Республики Казахстан САДЕНОВА Е.С.	3
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
БЕРДЕНОВ Р.А.	4
СҰҢҚАР И.Е.	5
СМИРНОВА И.В.	5
САҒЫНДЫҚОВА Н.Е. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан	6
БАЗАРБЕК Б.Ж.	6
САВЕЛЬЕВА Т.М.	8
ӘУЕСБАЕВ Н.С.	8
ҚОЖАНАЗАРОВ А.А.	9
МУСРАЛИНОВ А.С. – Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі басшысының орынбасары, заместитель руководителя Судебной администрации Республики Казахстан	9
БАЛАБИЕВ Қ.Р.	10
ҚҰСПАН А.С.	10
АБДЕН Қ.Ж.	11
САТЫБАЛДИН Е.Ж.	12
САУРЫҚОВ Е.Б.	12
ОСПАН Е.С. – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі, вице-министр просвещения Республики Казахстан	13
СМАҒҰЛОВ Б.Ә.	13
ҚҰСПАН А.Т.	14
БАҚҚОЖАЕВ А.А.	14
СЕЙТЖАН К.С.	15
САҒЫНДЫҚОВА Н.Е.	15
ТАУ Н.	16
МЫСЫРӘЛІМОВА А.Е.	16
НҰРЫМОВА Г.А.	17
ҚЫРЫҚБАЕВ Т.Б.	18
ӘБЕНОВ М.А.	18

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі М.С. БАШИМОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе БАШИМОВА М.С.	18
---	----

Сөз сөйлеген:

Выступил:

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. 20

«1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой об оказании правовой помощи по гражданским и уголовным делам от 14 января 1993 года»

Қазақстан Республикасының Әділет министрі А.Н. ЕСҚАРАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра юстиции Республики Казахстан ЕСҚАРАЕВА А.Н. 22

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АБДЕН Қ.Ж. 22

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. 23

МУСРАЛИНОВ А.С. – Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі басшысының орынбасары, заместитель руководителя Судебной администрации Республики Казахстан 23

АДАМБЕКОВ Т.С. 24

КУЧИНСКАЯ Ю.В. 24

МУСРАЛИНОВ А.С. 24

ЖҰБАНОВ Ә.О. 25

БАПИ Е.С. 25

САРЫМ А.Ә. 26

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Н.Г. АРСЮТИННІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по законодательству и судебно-правовой реформе АРСЮТИНА Н.Г. 26

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ӘЛШЕВ Қ.Қ. 27

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам минимизации рисков при кредитовании и защиты прав заемщиков» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.Т. БЕЙСЕНҒАЛИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету БЕЙСЕНҒАЛИЕВА Б.Т.28

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жаңа редакцияда ұсынған жекелеген баптары жөнінде

Об отдельных статьях Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам здравоохранения», предложенных Сенатом Парламента Республики Казахстан в новой редакции

Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Г.А. НҰРЫМОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию НУРУМОВОЙ Г.А.31

Депутат Ж.С. ӘШІМЖАНОВТЫҢ Қазақстан Республикасының зиялыларына үндеуі

Обращение депутата АШИМЖАНОВА Ж.С к интелгенции Республики Казахстан31

Депутат Е.Т. ЖАҢБЫРШИННИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖАҢБЫРШИНА Е.Т. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б.33

Депутат А.Т. ҚҰСПАННЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ҚҰСПАНА А.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.34

Депутат А.Ә. САРЫМНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата САРЫМА А.Ә. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б.36

Депутат Қ.Ж. ИСАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ИСЫ Қ.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.37

Депутат С.М. ПОНОМАРЕВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ПОНОМАРЕВА С.М. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В.	39
Депутат Е.А. ӘБІЛДІН Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ӘБІЛА Е.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	40
Депутат Н.А. СӘРСЕНҒАЛИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата САРСЕНҒАЛИЕВА Н.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	42
Депутат Н.Т. БАЙТІЛЕСОВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Б. Дүйсеноваға депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата БАЙТИЛЕСОВА Н.Т. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Дуйсеновой Т.Б.	43
Депутат А.А. САДЫҚОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылловқа депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата САДЫКОВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А., Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асыллову Б.Н.	45
Депутат К.С. СЕЙТЖАННЫҢ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі А.Г. Балаеваға депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата СЕЙТЖАНА К.С. к Министру культуры и информации Балаевой А.Г.	46
Депутат А.А. ҚОШМАМБЕТОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата ҚОШМАМБЕТОВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А.	47
Депутат Е.Б. САУРЫҚОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы	
Депутатский запрос депутата САУРЫКОВА Е.Б. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В.	48

**Депутат Ж.Д. СҮЛЕЙМЕНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата СУЛЕЙМЕНОВОЙ Ж.Д. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Бектенову О.А.49

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры

А. ӘЛИЕВ

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. МОЛДАШЕВА